



МӘДЕНИЕТТІ ҚОЛДАУ – МЕМЛЕКЕТТІҢ МІНДЕТІ

Мәдениет пен өнер – ұлттық бірегейлігіміздің мызғымас тірегі. Сондықтан жаңа Ата заңда төл мәдениетімізді жан-жақты қолдау мемлекеттің конституциялық міндеті ретінде бекітілді.

Осы ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік наградалар тізіміне «Шәмші Қалдаяқов» медалі мен «Қазақстанның еңбек сіңірген суретшісі» құрметті атағын енгізу туралы шешім қабылдады. Жаналықты Президент кеңесшісі – баспасөз хатшысы Айбек Смадияров Telegram арнасында хабарлады.

Бұл мәртебелі марапаттар ұлт мәдениетіне қалтқысыз қызмет етіп, соның ішінде музыка және бейнелеу өнерін дамытуға сүбелі үлес қосқан азаматтарға беріледі.

ПАЙЫМЫ БИІК ПРЕАМБУЛА



Конституцияның преамбуласы – Ата заңды салтанатты түрде ашатын жай кіріспе сөз емес, мемлекеттің басып өткен жолы мен болашаққа бағдарлаған ұстанымының рухани және құқықтық айнасы. Ол: «Біз кіміз, қандай құндылықтарға сүйенеміз, қайда барамыз?» деген маңызды сауалдарға жауап береді. Негізгі заңның баптары мемлекеттің қалай жұмыс істейтінін айқындаса, ал преамбула елдің не үшін өмір сүретінін аңғартады. Сондықтан оның жаңаруы мемлекет пен қоғамның өзгергенін білдіреді.

→ 2



Күләш ШӘМШИДИНОВА,
 Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы:

ТІРЕК МЕКТЕП – АУЫЛДАҒЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ БІР ЖОЛЫ

Әлемнің бірқатар елінде әлді мектептердің әлсіздеу білім ошақтарына тірек болып, тәжірибесімен бөлісетін жүйе қалыптасқан. Мұндай модель ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасы алшақтығын азайтып, шалғайдағы ұстаздарды үлкен кәсіби ортаға қосуға мүмкіндік береді.

→ 5



ПРЕЗИДЕНТ БЮДЖЕТТІ ЖОСПАРЛАУ БОЙЫНША КЕҢЕС ӨТКІЗДІ

Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен ұлттық экономиканы дамыту және бюджетті жоспарлау мәселелері жөнінде кеңес өтті.

Іс-шараға Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Роман Скляр, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов, Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайылов, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, Президенттің экономикалық мәселелер жөніндегі көмек-

шісі Нұрлан Байбазаров және Қаржы министрі Мәди Тәкиев қатысты.

Президентке экономиканың қазіргі ахуалы туралы баяндалып, 2027-2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамдары, 2027-2029 жылғы республикалық бюджет параметрлері жөнінде мәлімет берілді.

Талқылау барысында Қасым-Жомарт Тоқаев биыл экономикалық өсім көрсеткіштеріне қол жеткізу, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджет теңгерімділігін қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысы 2027-2029 жылдарға арналған бюджеттің негізгі басымдықтарының бірі – аурухана, балаларды оңалту орталығы, мәдениет, спорт ғимараттары секілді инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандар құрылысын жеделдетіп салу керек екенін айтты.

Made in KZ: САУДА СӨРЕСІНЕ АПАРАР ЖОЛ

Қазақстанда отандық өнім өндіру көлемі өсіп келеді. Бірақ өнімді шығару – мәселенің бір бөлігі ғана. Кәсіпорын үшін ең маңыздысы – тауарын дүкен сөресіне жеткізіп, тұтынушыға ұсына алу. Осы тұста қазақстандық өндірушілер ірі сауда желілеріне кіру, қолайлы орын алу, маркетплейстерде көріну және импорттық өнімдермен тең жағдайда бәсекелесу мәселесіне тап болады.

Енді Үкімет бұл кедергілерді заңнамалық талаптар, сауда желілерімен жасалған меморандумдар және цифрлық құралдар арқылы азайтуды көздеп отыр. Жаңа тәсіл бойынша отандық тауарларға бөлінетін орын жалпы көрсеткіш ретінде ғана есептелмей, әрбір санат пен кіші санат бойынша жеке қарастырылмақ. Бұл талаптың қағаз жүзінде орындалуына жол бермеуге тиіс.

→ 6



АРМИЯ ҚУАТЫН АРТТЫРАТЫН ЖАРЫС

Қазақстанда мемлекеттің қорғаныс қабілетін арттыру бағытында нақты қадамдар жасалып жатыр. Отандық мамандар жаһандық трендтерден тыс қалған жоқ. Оған Ақмола облысының Щучинск қаласындағы «Амандық» әскери полигонында өткен Shaiqas-2026 ұлттық инженерлік чемпионатында толық көз жеткіздік.



→ 2

МИНЕРАЛДАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Астананың оң жағалауында жер қойнауының бай тарихын бір залға жинаған ерекше орын бар. Ол – минералогиялық музей. Мұнда еліміздің өңірлерінен, тіпті әлемнің әр қиырынан әкелінген сан түрлі минерал тастар сақталған. Жақында осы музейге біз де барып, табиғаттың адам қолы араласпаған алуан түрлі пішінге ие тастарды көзбен көріп, қолмен ұстап қайттық.



→ 8

САЯСАТ

18 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Конституцияның пREAMбу-ласы – Ата заңды салтанатты түрде ашатын жай кіріспе сөз емес, мемлекеттің басып өткен жолы мен болашаққа бағдар-лаған ұстанымының рухани һәм құқықтық айнасы. Ол: «Біз кімбіз, қандай құндылықтарға сүйенеміз, қайда барамыз?» деген маңызды сауалдарға жауап береді. Негізгі заңның баптары мемлекеттің қалай жұмыс істейтінін айқындаса, ал пREAMбула елдің не үшін өмір сүретінін аңғартады. Сон-дықтан оның жаңаруы мемле-кет пен қоғамның өзгергенін білдіреді.

А Айхан ШӘРІП

ЖАНАРҒАН САНА, ЖАҢА СЕРПІН

Егемендіктің алғашқы жылдарындағы қалыптасу кезені артта қалып, бүгінде еліміз өз тағдырын өзі шешетін кемел қоғамға, орта державаға айналды. Жана Ата заңның кіріспе бөлігі осы тарихи тамырластықты айқындап, Ұлы даланың мыңдаған жылдық мұрасы мен бүгінгі заманауи шынайылықты өзара ұштас-тырды. Қазақ халқының ұлан-байтақ даладағы өркеніеттер тоғысында қа-лыптасқан мемлекеттік дәстүрі мен ғасырлар бойы арман еткен тәуелсіздігі заннамалық тұрғыдан тиянақты бекітіліп отыр.

Жана Ата заңның пREAMбуласына: «Біз, біртұтас Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып, Ұлы даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтап, мемлекеттің унитарлы сипатын, оның шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға болмайтынын нақтылап, Әділетті Қазақстан идеясын және Заң мен Тәртіп қағидаатын ұстанып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталатынын мәлімдеп, бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық татулық қағидаттарына сүйеніп, мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алып, табиғатты аялау қажеттігін мойындап, бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып, келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп, Қазақстанның Ата Заңын — осы Конституцияны қабылдаймыз», - делінген.

Осы арқылы келер ұрпаққа ұлы ұлағат, тағылымды тұжырым ұсынылады: тарих сахнасындағы талай сыннан сүрінбей өткен бабалар жолы мен бүгінгі ұрпақтың жасампаздығы біртұтас ұлттың ұстынын құрайды. Тамыры тереңге жайылған бәйтерек қана дауылаң төтеп беріп, көкке қарай бой түзей алады.

1995 жылы алдыңғы Конституция қабылданған кезде Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы сатысында тұрды. Сондықтан ескі Ата заңның «алғысөзінде» былай

ПАЙЫМЫ БИІК ПРЕАМБУЛА



жазылды: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз».

Сөз арасындағы иірім мен ой астарына үңіле білетін зерделі оқырман ескі Конституцияның пREAMбуласынан асқақ манифесті, бебеулеген ата-баба рухын емес, керісінше, халықты қанға бөккен тоталитарлық заманның үрейлі табын, жаһан жұртшылығынан орын сұрағандай жасқаншақтықты, жас мемлекеттің кібіртіктеп басқан қадамдарын еске түсіретін жалтақтықты сезер еді.

Яғни ескі пREAMбулада жана мемлекет-тілік құру, бейбітшіл азаматтық қоғам қалыптастыру, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алу сияқты тілектер көрініс тапты. Бұл — егемендігін енді ғана бекемдеп, етек-жеңін жана ғана жауып жатқан мемлекеттің үні, ұғымы еді. Одан бергі 26 жылда Қазақстан мемлекет ретінде қалыптасты, толысып, кемеліне келді, ансарлы армандары орындалды.

ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ, ЕРТЕНҒЕ АМАНАТ

Уақыт — тарихтың үңсіз редакторы. Үш онжылдық ішінде Қазақстанның мемлекеттік институттары толық нығайды, тәуелсіздік ұғымы қоғамдық санада орнықты, боландықтың не екенін білмейтін жана ұрпақ қалыптасты. Ел енді мемлекеттілігін іздеп отырған жоқ, қайта оны нығайту, сапасын арттыру, келесі тарихи кезеңге лайықтау мәселесін алға қойып отыр. Сондықтан 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданып, 1 шілдеден бастап күшіне енген жана

Конституцияның кіріспесінде жана міндет-мақсаттар белгіленіп отыр.

Демек, пREAMбуланың жанаруы — өткенді өшіре салу емес, артта қалған белеске бүгінгі биіктіктен қарау. 1995 жылғы мәтін тәуелсіздікті орнықтыру дәуірінің тынысын танытса, жана мәтін қалыптасқан мемлекеттің өз құндылықтарын айқындауға көшкенін көрсетеді. Бір кезде елге «тәуелсіз мемлекет болу» мұраты маңызды болса, енді сонау сак, ғұн, Көк түріктен бастап, бертіңде Жошы баба мен Қазақ хандығынан тамыр тартқан «Әділетті Қазақстан» құру мақсаты алдыңғы қатарға шықты. Тарихтың бір белесі артта қалғанда, жана белестің мұраты да өзгереді.

Осы орайда жана пREAMбуланың ең ұтымды, ұлт ұпайын түгендер сөзінің бірі — «Ұлы даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтау». Бұл сөйлем Қазақстанның мемлекеттілік тарихын тек қазіргі тәуелсіздік жылдарымен шектемейді. Мұнда тарих өткеннің мұрағаттағы көленкесі емес, бүгінгі мемлекеттіліктің рухани арқауы ретінде қарастырылады. Ұлы даланың кеңістігі ғасырлар бойы мемлекеттер мен саяси бірлестіктердің, құқықтық дәстүрлер мен мәдениеттердің тоғысқан мекені болды. Жана Ата заң сол ұзақ жолды қазіргі Қазақстанның тарихи санасымен жалғайды.

Сонымен бірге жана Конституциядағы тарихи сабақтастық туралы сөзді тарихқа тағым деп қана түсіну жеткіліксіз. Ол — мемлекет пен ұлттың өзін тарихи үдерістің жалғасы ретінде сезінуі. Мықты тамырына сеніп, сүйенген ағаштың батылы ғана жана бұтақ өсіруге жетеді. Қазақстан осылай өзінің тарихи негізін айқындай отырып, болашаққа бағдарланған конституциялық бағытын нақтылап отыр.

ПREAMбулада Қазақстанның унитарлы сипаты, шекарасы мен аумағының тұтас-тығына қолсұғылмаушылық арнайы атап өтіледі. Бұл — мемлекеттің кеңістіктік тұтастығын саяси ұстаным ғана емес, конституциялық құндылық ретінде бекіту.

Жана Конституцияның 2-бабында еге-мендік, тәуелсіздік, унитарлық, аумақтық тұтастық және басқару нысаны өзгермейтін негіздер ретінде арнайы бекітілген.

Мұның қазіргі әлемдегі мәні ерекше. Мемлекеттің шекарасы картадағы сызық қана емес. Оның артында елдің қауіпсіздігі, халқының тыныштығы, экономикалық тұрақтылығы, ұрпақтың келешегі тұр. Сондықтан аумақтық тұтастықты пREAMбула деңгейінде айқындау мемлекеттің қандай асыл ұстындарын уақытша саяси конъюнк-тураның құрбандығына шалмайтынын, құбылмалы жағдайларға тәуелді етпейтінін паш етеді. Азаттық — тек сыртқы әлемге жарияланатын жалпы ұран емес, елдің ішкі саяси санасының да өзегі болуға тиіс.

Ал «Әділетті Қазақстан» идеясы мен «Заң мен Тәртіп» қағидаты осы мемле-кеттіліктің ішкі сапасын айқындайды. Әділет мұрат болса, заң мен тәртіп — соған жеткізер жол. Бұл екеуін бөліп қарау қиын: зансыз әділет — жай сезімге, ал әділетсіз заң — құр рәсімге айналмақ. Сондықтан пREAMбулада адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз сақтау туралы тұжырымның қатар әрбуі маңызды. Конституцияда мемлекеттің ең жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ретінде бекітілген.

Осы тұста пREAMбуланың билікке ғана емес, әр азаматқа да үн қатытынын аңғар-мыз. Заң мен тәртіпті бірінші кезекте мемлекеттің өзі сақтауы керек. Бірақ оны қоғам да құрметтемейінше, құқықтық мәдениет қалыптаспайды. Мемлекет азаматтың құқығын қорғағанда ғана азаматтың заңға сенімі күшейеді. Ал сенім жоқ жерде ең жақсы жазылған баптың өзі суы тартылған арна секілді: сыртқы пішіні сақталғанымен, тіршілікке еш нәр бере алмайды.

ЕРТЕНҒЕ САҚТАР ЕҢ АСЫШЫН

Жана пREAMбуланың тағы бір ерекшелі-гі — оның болашаққа көзқарасы. Мұнда мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтары бір қатарда аталады. Бұл кездейсоқ тізім емес. Жана Конституцияның 3-бабында адам капиталын, білімді, ғылым мен инновацияны дамыту мемлекеттің стратегиялық бағыты ретінде тұңғыш рет танылып отыр. Яғни пREAMбулада айтылған құндылықтар кіріспеле де қалмай, кейінгі конституциялық нормаларда жалғасын табады.

Мұның астарында ел дамуының фило-софиясы жатыр. Табиғи ресурс сарқулыу, технология өскіруі, қоғамның беталысы өзгеруі мүмкін. Ал білімге, ойға, шығарма-шылыққа салынған инвестиция ұрпақтан ұрпаққа ауысады. Бүгінгі мектеп оқушысының, ЖОО студентінің қабілеті — ертенгі ел экономикасының, ғылымының, мәдениетінің капиталы. Сондықтан жана Конституцияның білім мен ғылымды пREAMбула деңгейінде ұлықтауы Қазақстанның болашақ байлығын

жер қойнауынан ғана емес, адам санасынан іздейтінін аңғартады.

Бұл әсіресе цифрлық дәуірде маңызды. ЖИ, жана технология, цифрландыру қоғамның өмір салтын ғана емес, адамның еңбек ету, білім алу, ақпарат тұтыну тәсілін өзгертті. Бұл заманда мемлекеттің қуаты тек өндірілген өніммен шектелмейді. Оның интеллектуалдық әлеуеті, ғылымы, шығармашылығы, жана білім өндіру қабілеті шешуші мәнге ие. Ата заңның адам капиталын стратегиялық бағыт ретінде бекітуі осы тарихи өзгеріске берілген жауап.

ПREAMбула табиғатты аялау қажеттігін де мойындайды. Бұл бір қарағанда жалпыға түсінікті сөз сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ конституциялық мәтінге енген әрбір құндылықтың салмағы бар. Сайын даланы ғасырлар бойы тіршіліктің негізі еткен, өзін соның бір бөлшегі сезінген қазақ халқы үшін табиғатты қорғау — қазіргі заманның сәнді тренді емес, ата-бабадан тікелей мирасқа қалған тарихи өмір салтының жаңа құқықтық өрістегі жалғасы. Қазақ ежелден Ұлы даланың тұмса табиғатын өзі иелік ететін дүние-мүлік емес, келер ұрпаққа қалдыар аманат ретінде қабылдаған. Сол аманаттың қазіргі атауы — экологиялық жауапкершілік, «Таза Қазақстан» қағидаты.

ПREAMбуланың соңғы тұстарының бірі — «келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезіну». Бұл сөз бүкіл мәтінді бір арнаға тоғыстырады. Өйткені тәуелсіздік те, аумақтық тұтастық та, әділет те, білім де, табиғат та қазіргі ұрпақпен бітпейді. Конституцияның шын мәні оның бүгінгі азаматқа ғана емес, ертенгі елге қандай мұра қалдыруымен өлшенеді.

Қорыта айтқанда, жана Ата заңымызда пREAMбуланың жанаруының мәні — Қазақстанның өзін жана тарихи кезеңде қайта пайымдауында. Жана мәтін бір жағынан Ұлы даланың мыңжылдық жадын арқау етеді, екінші жағынан адам құқығы, заң үстемдігі, білім, ғылым, инновация, экология, тәртіп секілді заманауи құндылықтарды төрге оздырады. Өткен мен болашақтың арасындағы көпірдің аты — сабақтастық.

Ең бастысы, пREAMбуладағы сөздердің тағдыры енді тәжірибе мен өмірге байла-нысты. «Әділетті Қазақстан» соттағы әділ шешімге, «Заң мен Тәртіп» күнделікті құқықтық мәдениетке, «Таза Қазақстан» сана мен қоршаған ортадағы тазалық пен адальдыққа, адам құқығы мемлекеттік қыз-меттің өлшеміне, білім мен ғылым ұлттық дамудың нақты жетістігіне айналғанда ғана бұл сөздер шын, терең мәніне ие болады.

Ата заңның жана анысы да осында: тарихын ұмытпайтын, бүгінін жауапкер-шілікпен құратын, болашағын біліммен бекемдейтін ел болу. Ықылым заманнан Ұлы дала талай дәуірді өткерді. Ендігі міндет — сол толағай тарихтан күш алып, келер ұрпаққа әділеті мығым, заңы орнықты, ауқаты зор, ойы озық Қазақстанды қалдыру.

SHAIQAS-2026: АРМИЯ ҚУАТЫН АРТТЫРАТЫН ЖАРЫС

Қазақстанда мемлекеттің қорғаныс қабілетін арттыру бағытын-да нақты қадамдар жасалып жатыр. Отандық мамандар жаһан-дық трендтерден тыс қалған жоқ. Оған Ақмола облысының Щучинск қаласындағы «Амандық» әскери полигонында өткен Shaiqas-2026 ұлттық инженерлік чемпионатында толық көз жеткіздік. Елімізде алғаш рет ұйымдастырылған чемпионатта дрондар, әскери және азаматтық мақсаттағы роботтарды құрас-тырушылар, киберқауіпсіздік мамандары бақ сынады.

Алғашқы чемпионатқа студенттер, инженерлік мектептер, кәсіпорындар және күш құрылымдары өкілдерінен жасалталған 17 команда қатысты. Жалпы жүлде қоры 20 млн теңгені құрайтын жарысқа қатысу-шылар «Әуе жүйелері», «Жерүсті жүйелері», «Киберқауіпсіздік» және «Тактика» атты төрт бағыт бойынша бақ сынап, үздіктерді анықтады. Чемпионатты Defence Tech Center инновациялық хабы, WSE, Barus

Dynamics, Ақмола облысының әкімдігі, USTEM Foundation, Ashyq Aspan Founda-tion, Cyberlabs қоғамдық қорлары, Astana Hub, Tensor Engineering және Barus Dynam-ics School ұйымдары ұйымдастырып, қол-дау көрсетті.

Жарыс аяқталатын күні полигонға арнайы барған Қорғаныс министрі, авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов чемпионатты ұйымдастыруға атсалысқан



ұйымдар мен құрылымдарға алғыс білдіре келе, бұл жарыстың Қазақстан Қарулы Күштері үшін айрықша мәні бар екенін атап өтті. Министр жарыстағы тапсырмалар-дың ел армияның қызмет бағыттарымен толық сәйкес келетінін айтты. Яғни әуеден барлау жүргізу, жерүсті роботтандырылған кешендерді пайдалану, киберқауіпсіздік, тактикалық және инженерлік даярлық бағыттары заманауи әскер үшін ауадай қажет. Сондықтан чемпионаттың маңызы зор болып отыр.

«Бүгінде ұрыстың нәтижесін сол аланды кімнің бірінші көретіні, қарсыластың барлауынан өз әрекетін жасыра алатыны, байланысты сақтап, әскерлердің маневрін қамтамасыз етуі айқындайды. Сондықтан заманауи армия жауынгердің әскери даярлығымен ғана емес, оның ұрыс алаңы-дағы басымдығын қамтамасыз ететін техно-логиялық шешімдерімен де мықты», — деді Қорғаныс министрі үздіктерді марапаттау рәсімінде. Сөйтіп, алғаш рет ұйымдас-тырылған чемпионаттың ел қорғанысы үшін маңызды бағыт екенін меңзеді.

Shaiqas-2026 чемпионатының қорытын-дысы бойынша бірінші орынды және чемпион атағын «Қазақстан инжиниринг» R&D орталығының командасы жеңіп алып, 10 млн теңге олжаласа, күміс жүлдені КК «Қайсар» командасы (Qaisar VS RK) иеленді. Екінші орын алған командаға 5 млн теңге берілді. Ал қола жүлде Saiman командасына бұйырып, командаға 3 млн теңге табысталды.

«Үздік жерүсті жүйелері» номинация-сында Sunqar Engineering Team командасы, «Үздік әуе жүйелері» номинациясында Visvo командасы, ал «Үздік киберқауіпсіздік» номинациясында «Бүркіт» командасы жеңімпаз атанды. Әр номинацияның жеңімпаздары 600 мың теңгеден ақшалай сыйлыққа ие болды.



Әрине, жарыс болған соң жеңімпаздың шығатыны бесенеден белгілі жайт. Дегенмен Shaiqas-2026 чемпионатын тек жарыс емес, қорғаныс өнеркәсібі кешенінің дамуына, Қарулы Күштердің заманауи техникамен жабдықталуына өз әсерін тигізетін бастама ретінде бағалаған дұрыс. Өйткені осы жа-рыста үздік деп танылған жабдықтарды армияның пайдалануына беру жағы қарас-тырылған. Сонымен қатар мамандардың өзара тәжірибе алмасуы да өзекті болса керек.

Қорғаныс министрінің цифрландыру жөніндегі орынбасары Дархан Ахмедиевтің айтуына қарағанда чемпионат еліміздегі дрон, робот құрастырушы инженерлердің, киберқауіпсіздік мамандарының басын қосып, өзара тәжірибе алмасуын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылыпты. Жарыс жеңімпаздары алдағы қыркүйекте өтетін «Батыл тойтарыс-2024» оқу-жаттығуында өз жабдықтарын әскери мамандарға көрсетпек екен.

Жалпы, чемпионатқа қатысуға ниет білдірген командалар саны аз болмады. Чемпионат өтетіні белгілі болған кезде 100-ден астам команда өтініш білдірген. Кейін, түрлі кезеңнен соң финалдық жарыстарға 17 команда шықты. Олардың қатарында азаматтық саланың да, әскери

құрылымдардың да мамандары болды. Атап айтқанда, жарысқа армия атынан Десанттық-шабуылдау әскерлерінің, Әуе қорғанысы күштері әскери институтының, Құрлық әскерлері әскери институтының және Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының командалары қатысты. Ал азаматтық саладан Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық уни-верситеті, Назарбаев университеті, Сүлейман Демирел атындағы университет, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Woodson University, META University, F. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық уни-верситеті және ADU University командалары қатысты. Сонымен қатар R&D сияқты бірнеше кәсіпорын да өз командаларын әкеліпті. Бұл дегеніміз еліміздің қорғаныс қабілетін жетілдіруге тек әскери сала мамандары емес, тұтас қоғам мүдделі екенін байқатып отыр. Сонымен бірге чемпионат жастардың заманауи техниканы жетік меңгергенін, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты тын идеялар ұсынуға қабілетті екенін көрсетті.

А.СҰЛТАН

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ



Астанада «Әділет» партиясы республикалық сайлауалды штабының алаңында «Құрылтай – 2026: сарапшылар пікірі» атты сараптамалық кездесу өтті. Саясаттанушылар, талдаушылар,

сарапшылар және қоғам белсенділері «Әділет» партиясының өкілдерімен бірге «Әділетті болашақ үшін» сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарын талқылады.

Кездесудің негізгі тақырыбы – «Әділет» партиясының «111+ шешімі». Құрылтай депутаттығына кандидат Бөріхан Нұрмұхамедов, Айдос Сарым, Дәулет Кәрібек құжатта азаматтардың сұраныстары, әлеуметтік зерттеулер мен сараптамалық талқылаулар негізінде әзірленген партияның нақты ұсыныстары жинақталғанын айтты. Кездесу барысында сарапшылар жана Конституция қабылданғаннан кейінгі партиялық жүйенің дамуын, сайлаушылармен жұмыс істеу тәсілдерінің өзгеруін, сондай-ақ жалпы бағдарламалық тұжырымдардан нақты әрі өлшенетін міндеттемелерге көшуді талқылады. «Әділет» өкілдері кездесуде айтылған сараптамалық ұсыныстар партияның алдағы жұмысында ескерілетінін айтты.

ҰЖЫМНЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫН ТЫҢДАДЫ



Құрылтай депутаттығына Жалпыұлттық социал-демократиялық партиядан (ЖСДП) кандидат Роза Жүсіпова Павлодар облысының Шідерті кентіндегі

«Қаныш Сәтбаев атындағы канал» филиалының «Қазушар» РМК өндірістік-пайдалану учаскесінің ұжымымен кездесу өткізді. Кездесу барысында кәсіпорын қызмет-

керлері өз жұмыстарына қатысты өзекті мәселелерді айтып, проблемалары мен ұсыныстарын ортаға салды. Қызметкерлердің жағдайы, әлеуметтік кепілдіктер және өңірдегі су шаруашылығы жүйесінің аса маңызды нысандарының бірі – каналдың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге байланысты мәселелер жөнінде ашық әрі сындарлы пікір алмасу өтті. Өз кезегінде кәсіпорын өкілдері су саласы мамандарының мәселелерін мемлекеттік деңгейде шешудің маңыздылығын атап өтті. Ұжым тарапынан айтылған барлық ұсыныс пен өтініштер тіркеліп, кандидаттың сайлауалды штабының сайлаушылар аманаты картасына енгізілді.

ҰСТАЗДАРМЕН ПІКІР АЛМАСТЫ

«Байтак» жасылдар партиясы атынан Құрылтай сайлауына түскен үміткер Айгүл Абдуалиева Қарағандыға ат басын бұрып, қаладағы №62 мектепке барып, педагогтармен кездесті. Жылға қаланың 96 мектебінен 650-ге жуық мұғалім қатысты. Ұстаздар алдында кандидат жасылдар партиясының сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарын таныстырып, мақсат-міндетін жан-жақты түсіндірді. Экология, халық денсаулығы, экологиялық білім беру, тұрақты даму мәселелеріне тоқталған ол бұл істе мектептегі тәрбиенің берері зор екенін баяндады. Педагогтар өздерін толғандырған түрлі түйткілді ортаға салды. Диалог форматында өткен шарада



партия өкілдері мен мұғалімдер маңызды мәселелер бойынша ой бөлісіп, пікір алмасты. Айгүл Абдуалиева мұндай кездесулердің

маңызын атап өтіп, қоғамның әр саласы өкілдерінің ұсыныстары партияның алдағы жұмысына серпін беретінін жеткізді.

КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Халық партиясынан Құрылтай депутаттығына кандидаттар Әлімбек Ағыбаев пен Евгений Миронов үгіт-насихат науқаны аясында «Павлодар-Водоканал» ЖШС ұжымымен кездесті. Кәсіпорын Павлодар қаласының тұрғындары мен ұйымдарын ауызсумен қамтамасыз етеді, сондай-ақ су бұру жүйесінің жұмысына жауап береді. Қала өмірінің жайлылығы мен тұрақтылығы кәсіпорын қызметкерлерінің кәсібилігіне тікелей байланысты. Кандидаттар ҚХП сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарын таныстырды. Ашық диалог барысында еңбек жағдайлары, жұмыс орындарын сақтау,



коммуналдық инфрақұрылымды дамыту және ұжымды толғандыратын басқа да мәселелер талқыланды.

Кәсіпорын қызметкерлері өз пікірлерін білдіріп, кандидаттарға алдағы жұмыста ескеру үшін ұсыныстары мен аманаттарын жеткізді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯҒА ҮЛЕС ҚОСТЫ



Атырау облысында «Ауыл» партиясының белсенді мүшелері Жайық өзенінің жағасында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын өткізді. Акцияға Құрылтай депутаттығына кандидат Нұртас Байжанов қатысып, жастармен бірге тазалық жұмысын атқарды. Экологиялық акцияның басты мақсаты – Президент бастамасын қолдап, табиғатты аялау, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру және туған өлкенің тазалығын сақтауға қоғам болып ат салысу. Акция барысында қатысушылар өзен жағалауын қоқыстан тазартып, қоршаған ортаның тазалығын сақтауға өз үлестерін қосты. Акцияға қатысқан партия өкілдері «Таза табиғат – ортақ жауапкершілік!» екенін айтып, сайлауалды бағдарламада қоршаған ортаны қорғау жайы қамтылғанын сөз етті.

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ ЖАЙЫН СӨЗ ЕТТІ

«Ақ жол» партиясының республикалық сайлауалды штаб мүшелері кәсіпкерлер және банк секторы өкілдерімен жүздесті. Кездесу барысында Құрылтай депутаттығына кандидаттар мен қатысушылар отандық өнімді қолдау, қазақстандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және сырттан келетін тауарларға тәуелділікті азайту мәселелері талқыланды. Сонымен қатар кәсіпкерлікті қаржыландыру, ипотекалық несие, несиеге қолжетімділік және банк секторы мен бизнестің өзара тиімді байланысын дамыту мәселелері қозғалды. Кәсіпкерлер өз ұсыныстарын ортаға салып, бизнесті дамытуға



қатысты өзекті мәселелерді көтерді. Партия өкілдері отандық кәсіпкерлікті қолдау мен ұлттық өндірісті

дамыту «Ақ жолдың» сайлауалды бағдарламасындағы маңызды бағыттардың бірі екенін атап өтті.

АГРОӨНЕРКӘСІП ЕҢБЕККЕРЛЕРІМЕН КЕҢЕСТІ

Respublica партиясының сайлауалды штабы Ақмола облысындағы ірі кәсіпорындардың бірі – «Қазақстандық Агро Инновациялық Корпорациясы» ЖШС-не барды. Кәсіпорын жылына 4-5 мыңнан астам ауыл шаруашылығы техникасын шығаруға қауқарлы. Партия төрағасының орынбасары Олжас Құспеков агроөнеркәсіп саласын қолдауға бағытталған нақты бастамаларға тоқталды. Ол сондай-ақ кәдеге жарату алымына қатысты жұмыс тобына жетекшілік еткенін айтып, отандық өндірушілерді қолдау мәселесінде партия ұстанымының нақты нәтижеге айналғанын атап өтті. Құрылтай депутаттығына кандидат Әдия Әлімбаева тауарларды цифрландыру және танбалау мә-



селесіне тоқталды. Тағы бір кандидат Бекжан Айтқұлов отандық тауар өндірушілерді қолдау мәселесін көтерді. «Қазақстандық Агро Инновациялық Кор-

порациясы» – 500-ге жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтыған, әлемдік брендтердің ауыл шаруашылығы техникасын шығаратын ірі кәсіпорын.

ҚОҒАМ

18 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

1996 жылы Целиноград инженерлік-құрылыс институты мен Целиноград педагогикалық институтының негізінде құрылған университетке үлкен міндет жүктелді. Жаңа астанаға білікті мамандар қажет болды. Елге жаңа жағдайда жұмыс істей алатын кадрлар, ғалымдар мен зерттеушілер керек еді. Университет осы қажеттіліктен қалыптасты.

Содан бері Қазақстан да, оның жоғары білім беру жүйесі де айтарлықтай өзгерді. Алғашқы кезеңде басты міндет ұлттық кадрлар даярлау болса, қазір талап әлдеқайда жоғары. Университеттер халықаралық академиялық ортада бәсекеге түседі, ғылыми зерттеулер жүргізеді, технологиялық өзгерістерге бейімделеді және еңбек нарығының жаңа сұраныстарына жауап береді. ЕҰУ да осы жолдан өтті.

Бүгінде университетте 30 мыңға жуық студент білім алады. Оның құрылымында 7 факультет, 3 жоғары мектеп, 3 институт, ғылыми бөлімшелер мен зертханалар жұмыс істейді. Әлемнің 25 мемлекетінен келген студенттер мен оқытушылар университеттің академиялық ортасына тартылған. ЕҰУ жүздеген шетелдік жоғары оқу орындарымен байланыс орнатып, бірлескен және қос дипломды бағдарламаларды жүзеге асырып келеді.

Университеттің халықаралық позициясы да біртіндеп нығайды. QS World University Rankings 2025 рейтингінде ЕҰУ әлем университеттері арасында 317-орынға, QS Asia 2026 рейтингінде 61-орынға көтерілді. Бірқатар білім беру бағдарламалары пәндік рейтингтерге енді.

Әрине, университеттің деңгейін бір рейтингпен бағалау дұрыс болмас еді. Рейтинг белгілі бір кезеңдегі нәтижені көрсетеді. Ал университет жұмысының негізгі өлшемі оның қандай маман даярлағаны, қандай ғылыми нәтиже бергені және сол білім мен ғылымның елге қаншалықты қажет болғаны деп ойлаймын.

Отыз жыл ішінде қалыптасқан университет қауымдастығының орны ерекше. 1996 жылдан бері ЕҰУ жүз мыңға жуық маман даярлады. Бүгінде оның түлектері мемлекеттік басқару жүйесінде, ғылым

Осыдан отыз жыл бұрын құрылған Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тарихы тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңімен тікелей байланысты. Ел жаңа мемлекеттік институттарын құрып, астананы дамытуға кіріскен уақытта жаңа интеллектуалдық орталық қалыптастыру міндеті де күн тәртібіне шықты.

Индира РЫСТИНА,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Басқарма мүшесі – сапаны қамтамасыз ету және ішкі бақылау жөніндегі проректоры

УАҚЫТ СЫНЫНАН ӨТКЕН УНИВЕРСИТЕТ

мен білімде, халықаралық ұйымдарда, ұлттық компанияларда, өндіріс пен бизнесте еңбек етіп жүр.

Университеттің ғылыми әлеуеті де осы жылдары қалыптасты. Қазір мұнда ғылыми-зерттеу институттары мен ондаған зертхана жұмыс істейді. Соңғы үш жылда 887 ғылыми жоба мен грант жүзеге асырылып, Scopus және Web of Science базаларында 2461 ғылыми мақала жарияланды. Жыл сайын мыңнан астам студент ғылыми жобаларға қатысады.

Бірақ бүгін университет алдында бұдан да күрделі кезең тұр.

Соңғы бірнеше жылда жоғары білімнің мазмұны өте жылдам өзгеріп келеді. Жасанды интеллект, үлкен деректер, биотехнология, цифрлық технологиялар, жаңа инженерлік шешімдер еңбек нарығына тікелей әсер ете бастады. Кейбір мамандықтардың мазмұны өзгеруде, жаңа кәсіптер пайда болуда. Мұндай

жағдайда бес немесе он жыл бұрын тиімді болған білім беру бағдарламасы бүгінгі сұранысқа толық сәйкес келмеуі мүмкін.

Сондықтан университеттің міндеті студентке белгілі бір көлемде білім берумен шектелмейді. Біз адамның ойлау, талдау, жаңа ақпаратпен жұмыс істеу, шешім қабылдау және үнемі білімін жаңартып отыру қабілетін қалыптастыруымыз керек.

Бұл жоғары білім сапасына деген көзқарасты да өзгертеді.

Бұрын сапа көбіне оқу бағдарламасының мазмұны, оқытушының біліктілігі немесе материалдық база арқылы бағаланса, қазір студенттің университетті аяқтағаннан кейінгі мүмкіндігіне көбірек назар аударылады. Ол алған білімін пайдалана ала ма? Өзгеріп жатқан еңбек нарығына бейімделе ме? Жаңа технологиялармен жұмыс істей ала ма? Зерттеу

жүргізуге, жаңа идея ұсынуға қабілетті ме?

Соңғы жылдары ЕҰУ-дағы білім беру бағдарламаларын жаңарту кезінде осы мәселелерге басымдық беріліп келеді. Академиялық саясат пен білім сапасын бағалау тәсілдері қайта қаралды. Ақпараттық технологиялар саласында жасанды интеллект, криптология, заттар интернеті және киберфизикалық жүйелер бағыттары дамуда. Инженерлік бағдарламаларда ғарыш техникасы, ұшқышсыз жүйелер, энергия тиімділігі мен цифрлық жобалауға назар аударылуда. Биотехнология, экологиялық қауіпсіздік және педагогикалық инновациялар бойынша да жаңа бағыттар қалыптасып келеді.

Мұнда тағы бір маңызды мәселе бар. Университет ғылымы университеттің өз ішінде қалып қоймауы керек.

Ғылыми зерттеудің нәтижесі экономикаға, өндіріске, мемлекеттік басқаруға

немесе қоғамның нақты мәселелерін шешуге қызмет еткен кезде оның құндылығы артады. Сондықтан алдағы кезеңде ғылым мен нақты сектор арасындағы байланысты күшейту біз үшін негізгі міндеттердің бірі болады.

Қазір ЕҰУ құрылымында инновациялық өнім шығаратын 10 шағын өндіріс жұмыс істейді. 2025 жылы университеттің төрт стратегиялық нысаны индустрияландыру картасына енгізілді. Студенттік стартаптар да дамып келеді. Бұл жұмысты енді жекелеген жобалар деңгейінде қалдырмай, университеттің ғылыми және инновациялық саясатының тұрақты бөлігіне айналдыру қажет.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев білім мен ғылым мәселесіне үнемі назар аударып келеді. Мемлекет басшысы зерттеу университеттерін дамыту, ғылымды өндіріспен байланыстыру, жас ғалымдарды қолдау және адами капиталдың сапасын арттыру жөнінде нақты міндеттер қойды.

Бұл міндеттердің орындалуы жетекші ұлттық университеттердің жұмысына тікелей байланысты.

Ол үшін білім беру бағдарламалары еңбек нарығындағы өзгерістерден кейін емес, сол өзгерістермен қатар жанарып отыруы керек. Ғылыми зерттеулердің нәтижесі нақты экономикаға көбірек енгізілуі қажет. Халықаралық әріптестік университеттің академиялық және ғылыми мүмкіндіктерін кеңейтуге қызмет етуге тиіс. Ең бастысы, университет студент үшін білім алатын орын ғана емес, оның кәсіби және тұлғалық тұрғыдан қалыптасатын ортасы болуы керек.

Отыз жыл бұрын ЕҰУ жаңа астананың интеллектуалдық орталықтарының бірі ретінде құрылды. Бүгінде Астана үлкен саяси, экономикалық және білім беру орталығына айналды. Университет те осы өзгерістермен бірге өсті.

Алдағы кезеңдегі міндет те түсінікті. ЕҰУ Қазақстанға қажет мамандарды даярлайтын, бәсекеге қабілетті ғылыми нәтижелер шығаратын және елдің интеллектуалдық дамуына нақты үлес қосатын зерттеу университеті ретінде дамуын жалғастыруы керек.

БЕС БІЛІМ ОРДАСЫ ЖҮЗ ҮЗДІККЕ ҚОСЫЛДЫ



Жаңа оқу жылы қарсаңында дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын тамыз конференциясы биыл Алматы облысында «Конституциялық құндылықтар: кәсібилік, сапа, нәтиже» тақырыбына арналды. Жиында білім беру саласында өткен оқу жылында атқарылған жұмыстар сараланып, жаңа оқу жылындағы басым бағыттар айқындалды.

Конференцияға облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев, Оқу-ағарту министрлігінің Инвестициялық саясат және инфрақұрылымды дамыту департаментінің директоры Айқожа Әбсадықов, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өкілдері, ардагер ұстаздар, білім беру ұйымдарының басшылары, жоғары оқу орындарының ректорлары, аудан-қала әкімдері, құқық қорғау органдарының өкілдері және педагогтер қатысты.

Конференция барысында білім сапасы мен педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, инфрақұрылымды дамыту, оқушы орындарының тапшылығын азайту, цифрландыру және тәрбие жұмысы сияқты маңызды мәселелер талқыланды.

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев өңірде білім беру саласын дамытудың үш негізгі бағыты бар екенін айтты. Біріншісі, жаңа конституциялық талаптарға сай үш ауысымды мектептерді жою, замануи мектептер салу және цифрлық сауаттылықты дамыту. Екінші бағыт — өскелең ұрпақтың құқықтық сауаттылығын көтеріп, жауапты азаматтық ұстанымын қалыптастыру. Үшінші бағыт — еңбек нарығына қажетті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.

Сондай-ақ Марат Елеусізұлы білім саласына көрсетіліп отырған мемлекеттік қолдау жылдан-жылға артып келе жатқанын жеткізді. Мәселен, биыл облыста білім саласын қаржыландыру 458,2 млрд теңгеге жетті. Оқушылар санының жыл сайын 7-10 мыңға артуына байланысты педагогтерге де сұраныс өсіп отыр. Осыған байланысты жалақы қорына жыл сайын қосымша 7 млрд теңге бөлінуде.

Алматы облыстық Білім басқармасының басшысы Қайрат Жұмановтың айтуынша, мектепке дейінгі білім беру бағыты бойынша өткен жылғы маусымнан бастап Қонаев қаласында 24 мектепке дейінгі ұйымда 2951 орынға ваучерлік қаржыландыру пилоттық жобасы іске қосылды. Нәтижесінде, балабақша кезегіндегі балалар саны 963-тен 470-ке дейін азайды. Сонымен қатар ата-аналарға қолдау көрсету үшін 365 кеңес беру орталығы жұмыс істеп, «Балақайлар мектебі» жобасы аясында 7 223 бала мектепке дейінгі даярлықтан өтті.

Бүгінде өңірдегі 5 мектеп Қазақстанның ең үздік 100 мектебінің қатарына енген. Ал дарынды балалардың 3 жылдағы жүлделі орындарға ие болудағы сапа көрсеткіші 54 пайызға артты. 2025-2026 оқу жылында пәндік олимпиадаларға 541 оқушы қатысып, 303 жүлделі орын иеленді.

Халықаралық байқауларда 29 оқушы жеңімпаз атанды. Екі жыл қатарынан облыс түлектері ҰБТ-дан ең жоғары 140 балл жинады. Ал өткен оқу жылының қорытындысы бойынша облыста білім сапасы 68,9 пайыздан 69,5 пайызға өсті.

Өңірде 34 767 педагог жұмыс істейді. Оның ішінде біліктілік санаты бар педагогтердің үлесі — 74,8%. Ал жаңа форматтағы біліктілік санатына ие мұғалімдер саны биыл 28,2%-ды құрап 7,1%-ға өскен.

Білім ошақтарында «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясындағы жұмыстар да қарқынды жүргізілуде. Биыл 350 мың оқушының қатысуымен «Болашақты бірге отырғызайық» акциясы, мектеп түлектері мен танымал тұлғалардың қатысуымен «Бүгінгі күн — ертеңінің өркені» және «Жайна, туған өлкем!» челленджері ұйымдастырылған.

Биыл өңірде еңбек нарығына қажетті жаңа мамандықтарды ашуға 500 млн теңге бөлінді. Колледждердің материалдық-техникалық базасы да жаңартылуда. Студенттер түрлі сайыстарда топ жарып, үздік нәтиже көрсетуде. Мысалы, WorldSkills Kazakhstan республикалық чемпионатында облысымыздың 12 студенті жүлделі орындарға ие болған. Колледждердің Қытай, Оңтүстік Корея, Франция, Түркия және басқа да мемлекеттердің білім беру ұйымдарымен халықаралық байланыс орнатуы студенттер мен педагогтердің тәжірибе алмасуына жаңа мүмкіндік беріп отыр.

Облыста жастардың білімін жетілдіру — маңызды бағыттың бірі. Соңғы төрт жылда жергілікті бюджет есебінен 239 грант бөлінді. Биыл тағы 35 грант қарастырылған. Сонымен қатар ҚХР ұсынған білім гранттары арқылы 2024 жылдан бері 65 түлек Қытайда оқып жатыр.

Конференцияда баланың қауіпсіздігі мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Талғар ауданы прокуратурасының аға прокуроры Диас Сұлтанның мәлімдеуінше, Талғар ауданында көмекке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу және жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Заң мен тәртіп» азаматтық тәлімгерлік пилоттық жобасы іске асырылған.

“**Биыл бұл бастамаға тағы 35 ұйым қосылмақ. Жоба сондай-ақ буллинг пен кибербуллингтің, зорлық-зомбылықтың және басқа да келенсіз жағдайлардың алдын алуға бағытталған. Осыған байланысты Марат Елеусізұлы білім, полиция және денсаулық сақтау салалары бірігіп әрекет ету керегін айтты, бұл бағыттағы жұмысты күшейтуді тапсырды.**”

«Жобаға 10 мектеп пен 3 колледж қатысып, прокуратура, полиция және адвокатура органдарының 13 ардагері тәлімгер ретінде тартылды. Олар 7-10 сынып оқушылары мен колледж студенттерімен құқықтық тақырыптарда пікірталас,

тренинг және профилактикалық кездесулер өткізді. Нәтижесінде, оқушылардың құқықтық білімді меңгеру деңгейі 90 пайыздан асты», — деді аға прокурор.

Биыл бұл бастамаға тағы 35 ұйым қосылмақ. Жоба сондай-ақ буллинг пен кибербуллингтің, зорлық-зомбылықтың және басқа да келенсіз жағдайлардың алдын алуға бағытталған. Осыған байланысты Марат Елеусізұлы білім, полиция және денсаулық сақтау салалары бірігіп әрекет ету керегін айтты, бұл бағыттағы жұмысты күшейтуді тапсырды.

Цифрландыру тақырыбы да күн тәртібінен тыс қалған жоқ. Білім саласындағы қаржының ашық әрі тиімді жұмсалуды қамтамасыз ету мақсатында «Есеп» бірыңғай ақпараттық жүйесін енгізу көзделіп отыр.

Жиын барысында Айқожа Әбсадықов еліміздегі білім саласында енгізілген өзгерістер жайлы баяндалды. Айтуынша, балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, оқу бағдарламалары кешенді түрде қайта қаралған. Биылғы 1 қыркүйектен бастап бастауыш сыныптарда БЖБ мен ТЖБ алынып тасталды. 5-9 сыныптарда іргелі ғылымдарды тереңдетіп оқытуға басымдық беріліп, 8-9 сыныптарға «Қазақстан географиясы» пәнін аптасына 2 сағат көлемінде енгізу қарастырылуда.

Жиын сонында өткен оқу жылының қорытындылары мен жаңа оқу жылына арналған міндеттер сараланып, конференцияның қарары қабылданды. Сондай-ақ білім беру саласында еселі еңбек етіп, өз ісіне адалдығымен дараланған ұстаздар «Еңбек ардагері», «Ы.Алтын-сарын», «Білім беру саласының үздігі» төсбелгілерімен және Алматы облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, Алғысхатымен марапатталды.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ



МІНБЕР



Күләш ШӘМШИДИНОВА, Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы:

ТІРЕК МЕКТЕП – АУЫЛДАҒЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ БІР ЖОЛЫ

— **ҰСТАЗ ЕҢ АЛДЫМЕН АЗАМАТ БОЛУЫ КЕРЕК**
— Жаппай жаһандық цифровизация заманында ұстаздардың алдында тұрған негізгі мәселе қандай? Қазіргі ұстаз қандай болу керек?

— Жана технологиялардың дамуы, өмір салтының өзгеруі, қоғамдағы түрлі үдеріс ұстаз мамандығына да тікелей әсер етіп отыр. Бүгінгі мұғалім, ең алдымен, өте өзгермелі әрі белгісіздікке толы заманда жұмыс істейді. Бұрын ұстаздың негізгі міндеті білім беру, түсіндіру болса, қазір бұл рөлдің ауқымы әлдеқайда кеңейді. Өйткені баланың білім алатын ортасы да өзгерді. Адамзат тарихына қарасақ, әуелі жазу пайда болды, кейін кітап, радио, теледидар шықты. Бүгінде интернет пен жасанды интеллект білімге көл жеткізудің мүмкіндігін бұрынғыдан да кеңейтіп отыр. Қазір кез келген адам қажетті ақпаратты кез келген жерден таба алады. Жасанды интеллектіге дұрыс сұрақ қоя білсеңіз, ол да іздеген мәліметіңізді ұсынады. Сондықтан мұғалім енді білімді тек өзі сақтап, балаға жеткізуші адам болмауы керек. Оның міндеті — оқушыға білімді қайдан және қалай іздеу керегін, алынған ақпаратты саралап, оны өмірде дұрыс пайдалана білуді үйрету. Сонымен бірге баланың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету.

Біз құндылықтар өзгеріп жатқан кезеңде өмір сүріп отырмыз. Осындай жағдайда мұғалім білім беру үдерісін ұйымдастырушы, балаға бағыт-бағдар беруші тұлғаға айналады. Бала да кез келген адамның сонынан ере бермейді. Ол ойлай білетін, өз ісіне сенімді, шешім қабылдай алатын әрі сол шешіміне жауап бере білетін, айналасына тұрақты орта қалыптастыра алатын адамның сонынан ереді. Ұстаздың мінезі де салмақты болуы керек. Кез келген нәрсеге ашулана бермей, туындаған келіспеушілікті ұшықтырмай, оны шешудің жолын таба білуі маңызды. Қай ғасырда да ұстазға қойылатын негізгі талап өзгермейді деп ойлаймын. Ол, ең алдымен, өз ісінің маманы болуы керек. Адал болуы керек. Балаларды жақсы көруі керек. Ең бастысы, алдында отырған әр баланың ертең өмірден өз орнын таба алатынына сенуі қажет. Егер мұғалімде осы сенім болмаса, бұл мамандықты таңдаудың өзі қиын.

Ұстаздық бір ғана мамандықтың аясына сыймайды. Мектепте мұғалім болып, мектептен шыққан сәтте ұстаз болуды тоқтату мүмкін емес. Қай жерде жүрсеңіз де, қоғам да, оқушы да сізге ұстаз ретінде қарайды. Сондықтан ұстаздық — тыйымды да, жауапкершілігі де көп мамандық. Сонымен бірге қуанышы да мол. Өйткені мұғалім әр баланың жетістігіне қуанады, оның өсуін, қалыптасуын көреді. Бұл мамандықтың жауапкершілігі өте жоғары. Мұғалім алдындағы баланың болашағы үшін ғана емес, ата-ана, қоғам және мемлекет алдында да жауап береді. Сол себепті ұстаздық жолды таңдаған әр адам бұл шешімге ойланып келуі керек. «Мен осындай ауыр жүкті көтере аламын ба?» деген сұрақты өзіне қоюы қажет. Оның ең ауыры — баланың болашағына жауап беру.

Қазір бізде мұғалімдерді кәсіби маман ретінде даярлауға көп көңіл бөлінеді. Бұл, әрине, дұрыс. Бірақ менінше, ең алдымен ұстаз деген «азамат» болуы керек. Өйткені балаға білім берумен қатар, оның адам болып қалыптасуына ықпал ететін де — ұстаз.

— **Білім жүйесі өзгерістерге уақыттылы әрекет етіп жатыр ма? Цифровизация деңгейі қандай?**

— Адамзат та, мектеп те өзгермей тұра алмайды. Өйткені заман өзгереді, өмір өзгереді. Мұндай жағдайда білім беру жүйесінің де бұрынғы қалпында қалуы мүмкін емес. Бала тұлға ретінде тек мектеп қабырғасында қалыптаспайды. Оның дүниетанымына отбасы, қоғам, қоршаған орта әсер етеді. Демек, өмірде болып жатқан өзгерістерді бала өзімен бірге мектепке алып келеді. Сондықтан мектеп те сол өзгерістерді сезініп,

соған сай жұмыс істеуі керек. Егер мектеп заман талабына бейімделмесе, ол уақыт көшінен қалып қояды. Ал заманнан қалған мектепті ешкім қаламайды.

Әр кезеңнің өз жаңалығы, өз талабы болады. Мен мектепті бітіріп, университетке келген жылдары біліктілікті арттыру институттарында мұғалімдерге ең алдымен техникалық құрал-жабдықтармен жұмыс істеуді үйрететінімін. 2002 жылы Білім және ғылым министрлігіне вице-министр болып келген кезімде мұғалімдерді компьютерді пайдалануға үйрету маңызды міндеттердің бірі болды. Мұның өзі ұстаз мамандығының үнемі өзгеріп, жаңарып отыратын кәсіп екенін көрсетеді. Сондықтан «өмір бойы білім алу» қандаты ең алдымен мұғалімге қажет. Ұстаз заман талабына сай өзінің кәсібі біліктілігін тұрақты түрде арттырып отыруға тиіс. Себебі жана технологиялар мектепке де үздіксіз еніп жатыр. Рас, экономиканың басқа салаларына технология әлдеқайда жылдам келеді. Ал білім беру жүйесі табиғаты жағынан біршама консервативті. Мен мұны тек кемшілік деп қарамас едім. Керісінше, оның белгілі бір артықшылығы бар. Өйткені білім беру жүйесі адаммен, баламен, қалыптасып келе жатқан тұлғамен жұмыс істейді. Сондықтан жанадан шыққан дүниенің бәрін еш сараптамасыз мектепке енгізе салуға болмайды. Оның балаға, оқу үдерісіне, білім сапасына қандай әсер ететіні алдымен бағалануы қажет. Сол себепті кейбір технологиялардың мектепке кешірек енуі заңды. Бірақ келген жаңалықты дер кезінде түсініп, оны тиімді пайдалана білу — мұғалімдер мен білім саласы мамандарының кәсіби шеберлігіне байланысты. Білім саласында жүрген адамның көзі ашық, құлағы түрік болуы керек. Ол жана үрдісті тез аңғарып, оның



Білім саласында «төрт қалу» деген ұғым бар. Біріншісі – мәселені дер кезінде көре алмай қалу. Екіншісі – оның мәнін түсінуден қалу. Үшіншісі – шешу жолын анықтай алмау. Төртіншісі – қабылданған шешімді іске асырудан кешігу. Педагогика ғылымында белгілі сарапшылар негіздеген бұл қағида білім жүйесіндегі кез келген проблеманы бағалауда маңызды.

қажеттілігін бағалап, оқу үдерісіне бейімдей білуі қажет. Бұл жерде қаржы мәселесін де айналып өтуге болмайды. Мектеп қанша жерден жақсы жаңалықты тез енгізгісі келгенімен, оның мүмкіндігі белгілі бір деңгейде қаржыландыруға тәуелді. Бұл ретте тек мектептің ғана емес, білім беру жүйесінің жұмысын ұйымдастыратын мемлекеттік қызметкерлердің де жауапкершілігі бар. Сонымен бірге мемлекеттік органдарға мектепке қандай құрал-жабдық қажет екенін білуді де — білім саласының өзі. Сондықтан алдымен біз жана технологияның не үшін қажет екенін өзіміз түсінуіміз керек. Содан кейін ғана оның маңызын өзгелерге жеткізе аламыз.

Цифрлық технологияларға келсек, бүгінгі мектептің интернетпен қамтылуы маңызды мәселе. Әрине, бұл бағытта барлық мәселе шешілді деп айтуға болмайды. Кемшіліктер бар. Бірақ ең басты мәселе — технологияның бар-жоғында ғана емес, оны дұрыс пайдалана білуде. Қолда бар мүмкіндікті орынымен, ретімен, оқу мақсатына сай қолдану — мұғалім мен мектептің міндеті. Мектеп пайда болған әрбір жаңа дүниенің соңынан ілесе беруі де дұрыс емес. Кейбір технологиялар жарк етіп пайда болады да, көп ұзамай қолданыстан шығып қалады. Мысалы, кезінде пейджер кең таралды. Бірақ ол білім беру жүйесіне еніп үлгерместен өзінің қажеттілігін жоғалтты. Сондықтан кез келген технологияны мектепке сол күйінде көшіріп әкелуге болмайды. Ең маңыздысы — жана технологияны оқу мақсатына бейімдеу. Ол баланың білім алуына, ойлауына, ізденуіне және дамуына

қызмет етуге тиіс. Сондықтан цифрлық технологияны өздігінен қауіпті немесе қауіпсіз деп бағалау дұрыс емес. Ол — құрал. Ал сол құралдың қаншалықты пайдалы болатыны оны қалай және қандай мақсатпен пайдаланатынымызға байланысты.

БҮЛ ЖҮЙЕ — АУЫЛ ҰСТАЗЫНА ДА ТІРЕК БОЛАДЫ

— **Елімізде ауыл балаларының мәселесі басты назарда. Себебі олар қала балаларынан қалып қойды дегенді халықаралық зерттеулер де, еліміздегі білім саласындағы зерттеулер де көрсетіп жатыр. Бұл мәселенің шешімі қандай болмақ?**

— Білім саласында «төрт қалу» деген ұғым бар. Біріншісі — мәселені дер кезінде көре алмай қалу. Екіншісі — оның мәнін түсінуден қалу. Үшіншісі — шешу жолын анықтай алмау. Төртіншісі — қабылданған шешімді іске асырудан кешігу. Педагогика ғылымында белгілі сарапшылар негіздеген бұл қағида білім жүйесіндегі кез келген проблеманы бағалауда маңызды.

Ауыл мектептерінде мәселе бар екенін біз білеміз. Ал проблеманың барын мойындап, оны түсіну — шешімге бастайтын алғашқы кадам. Сондықтан ауыл мектебін дамытуға тек білім саласы ғана емес, қоғамның басқа институттары да араласуы қажет. Мәселен, біздің Aitas холдингінде Білім берулі тұрақты дамыту қоры жұмыс істейді. Осы қор ауыл мектептерін дамытуға бағытталған тірек мектептер жүйесін қалыптастыру бастамасын қолға алды. Қазір республика бойынша 200-ден астам осындай мектеп құрылды. Бұл іске бизнес, қоғамдық ұйымдар мен мемлекет бірлесіп қатысып отыр. Жобаның ерекшелігі де осында. Білім берулі тұрақты дамыту қоры мен «Қазақстан халқына» қоры

өзін оқшау сезінбей, үлкен кәсіби ортаға қосылады. Сондықтан ауыл мектебінің мәселесін шешуге мемлекет те, қоғам да, ата-ана да мүдделі. Қазір ең маңыздысы — осы күштерді дұрыс үйлестіріп, басталған жұмысты жүйелі түрде жалғастыру. Ал оның нәтижелі болуы көп жағдайда білім саласы мамандарының ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты.

— **Қазақстандағы тірек мектептерді дамыту жобасына өзіңіз бас болып жүрісіз. Аз уақытта елімізде 200-ден астам мектеп тірек мектептер желісіне қосылған. Жалпы, осы тірек мектептер ауылдағы білім саласына қаншалықты үлес қосып жатыр? Тірек мектептерінің дамуы ауылға серпін берді ме?**

— Тірек мектептерді дамыту барысында, ең алдымен, химия, физика, биология кабинеттерін жаңғыртуға басымдық берілді. Сонымен қатар STEM кабинеттері ашылып, еңбек кабинеттерін жөндеді, телерадио студиялары құрылды, мектеп ішіндегі рекреациялық аймақтар жаңартылды. Республика көлемінде бұл бағытқа қомақты қаражат тек мектепті заманауи құрал-жабдықпен қамтамасыз ету емес. Ең маңыздысы — сол мүмкіндікті шағын жинақты мектептермен

бөлісу және мұғалімдердің кәсіби ортасын кеңейту. Қазір тірек мектептер интернетпен, телестудиялармен жабдықталған. Соның арқасында олар өздеріне бекітілген шағын жинақты мектептерге онлайн режимде сабақ бере алады. Мәселен, тірек мектептің мұғалімі мен оған бекітілген үш шағын жинақты мектептің педагогтары бірлесіп сабақ жоспарын әзірлейді. Бұл жұмысқа аудандық және облыстық әдістемелік кабинеттердің мамандары да қатысады. Дайындалған жоспар бойынша төрт мектептің оқушыларына бір мұғалім онлайн сабақ өткізеді. Қалған педагогтар сабақты бақылап отырады. Сабақ аяқталған соң төрт мұғалім әдіскерлермен бірге оның барысын талқылап, сәтті шыққан тұстары мен жетілдірулі қажет ететін жақтарын саралайды. Мұндағы ең үлкен нәтиже — мұғалімдердің кәсіби ортасының кеңеюі. Бұрын шағын ауыл мектебінде бір ғана химия немесе физика мұғалімі жұмыс істесе, енді төрт мектептің бір пән мұғалімдері тұрақты байланыста болады. Олар бірлесіп жоспар құрады, тәжірибе алмасады, бір-бірінің сабағын көріп, кәсіби тұрғыдан үйренеді. Яғни мәселе тек материалдық-техникалық базаны күшейтуде емес, педагогтардың әлеуетін арттыруда. Бұл жүйенің тағы бір артықшылығы — мұғалімдердің біліктілігін жұмыс үдерісінен қол үзбей көтеруге мүмкіндік беруі. Әдетте ауыл мектебіндегі педагогты ұзақмерзімді біліктілікті арттыру курсына жіберу қиын. Себебі оның орнын алмастыратын маман табылмай бермейді. Ал тірек мектеп жүйесінде мұндай жағдайда сабақ үзіліп қалмайды. Қажет болса, басқа мектептің мұғалімі онлайн түрде оқу үдерісін жалғастыра алады.

Ауыл мектептерінде кейбір пәндер бойынша маман тапшылығы да кездеседі. Осындай жағдайда желіге біріктірілген мектептердің мұғалімдері бір-біріне көмектесіп, жетіспейтін пән бойынша сабақ өткізуге мүмкіндік алады. Жас мамандар үшін де бұл жүйенің пайдасы мол. Ауыл мектебіне жанадан келген мұғалімнің тәжірибесі аз болуы мүмкін. Бұрын ол көбіне өз мектебіндегі шағын кәсіби ортамен ғана шектелетін. Ал қазір тірек және шағын жинақты мектептердегі тәжірибелі әріптестерінің сабақтарына қатысып, олармен бірлесіп жұмыс істеу арқылы өзінің біліктілігін тезірек арттыра алады. Сондықтан ауыл мектебін жағдайын жақсарту дегеніміз — тек жана кабинет ашып, құрал-жабдық орнату емес. Ең бастысы — сол мектепте жұмыс істейтін мұғалімдердің кәсіби әлеуетін көтеру, олардың бір-бірімен тәжірибе алмасуына жағдай жасау және ұстазды үлкен кәсіби ортаға қосу.

ЦИФРЛАНДЫРУ СТАНДАРТТЫҢ МӘНІН ӨЗГЕРТПЕЙДІ

— **Елімізде Ұлттық тірек ауыл мектептері желісін құру талқыланып жатыр. Негізі, желілік мектептер көп емес. Бұл қадам қаншалықты дұрыс?**

— Желілік мектептер әртүрлі бағытта құрылуы мүмкін. Мәселен, ауылдық жерлерде тірек мектептер шағын жинақты мектептермен бірігіп, оларға әдістемелік және кәсіби қолдау көрсетеді. Мұндай желі мұғалімдердің бір-бірімен тәжірибе алмасуына, ортақ сабақтар ұйымдастыруына, жана әдістерді бірге меңгеруіне мүмкіндік береді. Желілік мектептің тағы бір бағыты — белгілі бір пәнді немесе сабағы тереңдетіп оқыту. Мысалы, инженерлік бағыттағы мектептер желісін құруға болады. Онда оқушылардың инженерлік сауаттылығын дамытуға басымдық беріліп, жана пәндер, оқыту әдістемелері мен білім беру тәсілдері сынақтан өтеді. Алдымен мұндай жаңалықтарды шағын мектептер тобында тәжірибеден өткізіп, нәтижесі тиімді болса, кейін жалпы білім беру жүйесіне енгізуге болады. Республикадағы физика-математика бағытындағы мектептерді де осындай желілік жүйенің бір үлгісі ретінде қарастыруға болады. Бұл мектептер өзара

байланыс орнатып, физика мен математиканы оқытудың әдістемесін жетілдіруге, жана технологияларды игеруге және пәндердің әлеуетін арттыруға жұмыс істейді. Өйткені бүгінде физика мен математика көптеген жана технологияның іргетасы болып отыр. Сол сияқты химия-биология бағытының да маңызы жоғары. Мәселен, Назарбаев Зияткерлік мектептерінде физика-математика және химия-биология бағытындағы мектептер бар. Қазіргі технологиялық дәуірде бұл пәндердің әлеуеті ерекше. Сондықтан осындай бағыттағы мектептерді бір желіге біріктіру оқыту сапасын көтеруге және жана тәжірибелерді кенінен таратуға мүмкіндік береді. Желілік мектепті жеке-дара тұрған құрылым ретінде қарастыру дұрыс емес. Оның басты міндеті — жана әрі тиімді білім беру технологияларын сынақтан өткізу, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, жинақталған тәжірибені өзге мектептерге тарату. Сонымен қатар желілік мектептер оқу стандарттары мен бағдарламаларын жетілдіруге де ықпал ете алады. Мысалы, оқу бағдарламасының қай тұсы тиімді, қай жерінде кемшілік бар, оны қалай өзгерту қажет деген мәселелерді осындай мектептер базасында тәжірибе жүзінде анықтауға болады. Қысқасы, желілік мектеп — жай ғана ұйымдастыру формасы емес. Ел жалпы білім беру жүйесін алға жылжытатын, жана тәжірибені қалыптастырып, оны кең көлемде таратуға мүмкіндік беретін даму тетігі. Мұндай модель Қазақстанда ғана емес, әлемнің көптеген елінде қолданылады. Ұлттық тірек ауыл мектептерін желісін құру бастамасы «Әділет» партиясының сайлауалды бағдарламасына енді. Алдағы уақытта осы мәселе дұрыс шешімін табады деп ойлаймын.

— **Қазіргі білім беру жүйесінде стандарттар жні өзгеріп жатыр. Кейбір ата-аналар мен мұғалімдер мұндай өзгерістерге алаңдайды. Жалпы, білім стандарттарының жаңаруын қалай түсінугіміз керек?**

— Сіз келетінін алдында білім стандарттарының даму тарихына қайта көз жүгіртіп отырған едім. Жалпы, стандарт ұғымы ХХ ғасырдың 70-жылдарынан бастап қалыптаса бастаған екен. Алғашында оны математика мұғалімдері бірігіп жасаған. Кейін ұйымдастыру стандарты қалыптасты. Бұл «оқытуды қалай ұйымдастырамыз?» деген мәселеге бағытталды. Ал қазір әлем бойынша нәтижеге бағытталған, яғни «шығу стандарты» алдыңғы орынға шықты. Бүгінгі білім берудің басты мақсаты — оқушыға тек дайын ақпаратты меңгерту емес, сол білімді өмірде қолдана білуге үйрету. Мысалы, химиядағы периодтық заңды жаттатып шығару ғана жеткіліксіз. Маңыздысы, оқушының сол заңдылықты түсініп, өмірмен байланыстыра алуы. Қазіргі стандарттың бұрынғыдан басты айырмашылығы да осында. Нәтижеге бағытталған стандарт мұғалімге академиялық еркіндік береді. Яғни мұғалімге белгілі бір деңгейде бостандық берілгенімен, оның басты міндеті — оқушыны нақты нәтижеге жеткізу. Кіру стандарты көбіне мемлекеттің жауапкершілігіндегі мәселе болса, шығу стандарты ұстаздың кәсіби жауапкершілігімен тікелей байланысты. Себебі түпкі нәтиже — оқушының алған білімін өмірде қолдана алуы.

Цифрландыру стандарттың мәнін өзгертпейді. Ол — тек құрал. Жасанды интеллект те сол сияқты білім берудің көмекші тетігі ғана. Мұғалім оқушыны жасанды интеллектімен жұмыс істеуге үйрете алады. Бірақ ең маңыздысы — оған дұрыс сұрақ қоя білу. Егер адамның базалық білімі болмаса, ол дұрыс сұрақ та қоя алмайды. Сонымен қатар жасанды интеллект берген жауапты саралап, талдай білу қажет. Сондықтан бүгінгі білім берудің ең үлкен міндеттерінің бірі — балаларды ойлануға, талдау жасауға және шешім қабылдауға үйрету. Бағалау жүйесінің де негізгі мақсаты — тек баға қою емес. Ең алдымен, мұғалім баланың оқу процесіндегі даму жолы туралы ақпарат алып отыруы керек. Сол ақпарат арқылы ол оқушыға қандай көмек қажет екенін анықтайды. Сондықтан мұғалім сабақ барысында: «Оқушы қандай нәтижеге жетуі керек?», «Оның сол нәтижеге жеткенін мен қалай білемін?», «Оны нәтижеге жеткізу үшін қандай әдіс-тәсіл қолдануым қажет?» деген сұрақтарға жауап іздеуге тиіс. Осындай жана мұғалім өз жұмысына баға беріп, нәтижеге жеткен-жетпегенін саралай алады. Білім сапасын түсіну үшін сынып ішінде не болып жатқанын білугіміз керек. Ал сабақтың сапасына, оқушының оқу процесіндегі дамуына ең алдымен жауап беретін адам — мұғалім. Мұғалімдік — өмір бойы ізденуді, оқуды, жаңаруды талап ететін мамандық. Сондықтан ұстаз академиялық еркіндіктен қорықауы керек. Керісінше, оны жауапкершілікпен пайдаланып, әр баланы нәтижеге жеткізудің тиімді жолын таба білуі қажет.

— **Кейінгі уақытта ағартушылыққа бет бұрып келесіз. «Үздік» деген авторлық кітабыңызды шығардыңыз. Ол жерде не қамтылды?**

— Бұл кітап ата-аналарға көмекші құрал ретінде жазылды. «Үздік» деген атау тек үздік оқушы тәрбиелеуді ғана білдірмейді. Негізгі мақсат — өмірде өз орнын таба алатын, өз өмірін ұйымдастыра білетін, қабылдаған шешіміне жауап бере алатын саналы азамат тәрбиелеу. Кітап қазак және орыс тілдерінде жарық көрді. Қазір екінші кітабым да аяқталып қалды. Ол ұстаздарға арналған. Онда білім сапасын арттырудағы мұғалімнің рөлі, қазіргі замандағы ұстаздың миссиясы туралы ой қозғалады. Себебі бүгінгі ғасыр — өзгермелі, күрделі әрі болжам жасау қиын кезең. Кітап жазу бизнес емес, жинақталған тәжірибені бөлісу.

— **Өңгіменізге қоп рақмет!**

18 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК

Еліміз Еуропа мен Азия арасындағы жаңа цифрлық дәлізді құрмақ. Осының арқа-сында еліміз әлем тарихында болмаған «Цифрлық Жібек жолын» қалыптастырады. Қазір Транскаспий суасты талшықты-оптикалық байланыс желісінің құрылысы қандай сатыға шықты?

А Елдос СЕНБАЙ

ТЕҢІЗ ТҮБІНДЕГІ ТАРИХИ ЖОБА

Елімізді Каспий түбі арқылы интернетке қосатын балама бағыт түзіп, Қазақстанның цифрлық тәуелсіздігін нығайтатын бұл маңызды жоба бес жылдай бұрын қолға алынған еді. Содан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында Азия – Еуропа арасындағы Ресейді айналып өтетін цифрлық транзиттің маңызды буынынның аяқталар мерзімін жариялады.

— 2025 жылы Каспий теңізі арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жобасы аяқталмақ. Еліміз үшін бұл жобаның маңызы зор. Сол арқылы мәліметтердің халықаралық арнасымен және трансшекаралық ағынымен байланысты цифрлық инфрақұрылым құра аламыз, — делі Қазақстан Президенті. Алайда құзырлы орындардың сал-ғырттығы, жауапты шенеуніктердің бюрократиялық баяулығы мен істі созба-лағна салу әлеті бұл маңызды істі тығы-рыққа тіреді. Салдарынан халықаралық маңызы бар жоба мерзімінде аяқталмақ түгіл, айтарлықтай кешігіп басталды. Биылғы 19 ақпанда Нью-Делиге сапарлаған Үкімет басшысы Олжас Бектенов Үндіс-танның Премьер-министрі Нарендра Модимен келіссөздер барысында бұл мегажобаның тәмамдалуының жаңа мер-зімін жариялады. «2026 жылы әзербайжан-дық серіктестерімізбен бірлесіп, Транс-каспий талшықты-оптикалық желісінің құрылысын аяқтауға тиіспіз. Бұл жаһандық деректер трафигі үшін ең қысқа балама маршрутты қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қазақстанға Шығыс пен Батыс арасындағы цифрлық көпір болуға жол ашады», — делі О. Бектенов.

Кейінірек, 15 мамырда Түркістанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымы Мемлекет басшыларының саммитінде Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев екі ел арасындағы байланыс желісін іске қосуды жеделдетіп жатқандарын жеткізді: «Түркі мемлекет-терімен цифрлық даму саласындағы ынтымақтастық табысты жалғасты. Алдағы айларда Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісін пайдалануға беру жоспарланып отыр», — деп атап өтті бауырлас елдің көшбасшысы.

Ал бір ай өткенде, биылғы 22 маусымда Транскаспий талшықты-оптикалық байла-ныс желісіне (ТТОВЖ) арналған алпы суасты кабельдері Бакуге жеткізілді. Әзер-байжандық Report агенттігі хабарландай, жүк казакстандық Құрық портынан «Әзербайжан» кемесімен жеткізілді.

«Ірі габаритті және ауыр жүк Қазақстан аумағында 3 арнайы көліктен тұратын автоколоннамен тасымалданды. Содан кейін Құрыққа паромға тиеліп, теңіз арқылы Әзербайжанға қауіпсіз өткізілді. Бұған дейін Каспий түбіндегі арнайы зерттеу жұмыстарына біздің «Түркан» кемесі тартылған еді», — делі теңіз опера-циялары бойынша серіктес ASCO компаниясы.

КАБЕЛЬ ТӨСЕУДІҢ ШЕШУШІ СӘТІ

Бұған дейін ТТОВЖ-ға арналған «сауыттағы» оптикалық кабель Қытайда жасалып, сынақтан өткен-тін. Теңіз жұмыстары басталар алдында мамандар инженерлік зерттеулер жүргізіп, кемелер тұрағы мен теңіздегі әскери оқу-жаттығу аймақтарын айналып өтетін маршрутты анықтады, сондай-ақ қос тараптан экологиялық рұқсат алды.

Міне, осы маңызды компонентті тасымалдау тәмамдалғанда жұмыстың көрігі де қыза жөнелді. 2026 жылғы 31 шілдеде Жасанды интеллект және цифр-лық даму министрлігі қолайлы ауа райы жағдайы сақталса, суасты кабелін төсеуді 15-20 күн ішінде аяқтау жоспарланып

ҚАДАМЫ БАСТАЛДЫ

отырғанын жариялады. Ресми мәліметке жүгінсек, шілде айының соңында маман-дандырылған кеме Баку портынан шығып, казакстандық Ақтау портына қарай бағыт алған еді. Ауыр кабель осы кабелтөсеуші кеме-нің бортындағы арнайы резервуарға тиелді. Алып су көлігі жол бойы транска-спийлік талшықты-оптикалық байланыс кабелін төсеумен болды.

Жұмыстарға 20 мың тоннадан астам жүк көтере алатын, жолда адаспау, карта-дағы сызықтан жаза баспау үшін динами-калық позициялау жүйесімен жаракталған кеме жұмылдырылды. Бортта 70 экипаж мүшесі, техникалық қадағалау мамандары және «Қазактелеком» АҚ-ның өкілі болды. Жобаны казакстандық «Қазактелеком» телекоммуникациялық алпауыты мен әзербайжандық AzerTelecom Internati-онал компаниясы құрған CaspiLink B.V. бірлескен кәсіпорны жүзеге асырды.

Тамыз айының басында кабельдің казакстандық және әзербайжандық бөлік-тері өзара қосылып, барлық оптикалық желі сынақтан өтті. Дегенмен казакстандық жауапты министрліктің хабарлауынша, Транскаспийлік талшықты-оптикалық байланыс желісін пайдалануға беру 2026 жылдың соңына дейін жоспарланған. Премьер-министрдің орынбасары — Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев әлі аяқталма-ғанына қарамастан, бұл бағытты пайда-лануға қатысты сұраныстар бүгіннің өзінде түсіп жатқанын хабарлады. «ТТОВЖ биылғы жыл соңына қарай, бері дегенде, III тоқсан соңында іске қосылуы керек. Тіпті әзірге қолданысқа берілмеген осы бағыт арқылы интернет-трафикті өткізу үшін баска мемлекеттерден өтінімдер

Жұмыстарға 20 мың тоннадан астам жүк көтере алатын, жолда адаспау, картадағы сызықтан жаза баспау үшін динамикалық позициялау жүйесімен жаракталған кеме жұмылдырылды. Бортта 70 экипаж мүшесі, техникалық қадағалау мамандары және «Қазактелеком» АҚ-ның өкілі болды. Жобаны казакстандық «Қазактелеком» телекоммуникаци-ялық алпауыты мен әзербайжандық AzerTelecom International компаниясы құрған CaspiLink B.V. бір-лескен кәсіпорны жүзеге асырды.

казірдің өзінде келіп түсу үстінде», — дейді Ж. Мәдиев.

Әзірге Транскаспий суасты талшықты-оптикалық байланыс желісі құрылысының негізгі кезеңі мәресіне жетті. Бұл туралы 5 тамызда Қазақстан Үкіметі жария етті. «Елімізде телекоммуникация саласындағы ең ірі инфрақұрылымдық жобаның бірі — Каспий теңізінің түбі арқылы тартылған Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТТОВЖ) салудың негізгі кезеңі аяқталды. Суасты кабелі Қазақстан жағалауына сәтті жеткізіліп, «Қазактелеком» АҚ мен AzerTelecom International компаниялары жүзеге асырып жатқан жобаның ең күрделі бөлігі бітті», — делінген ресми хабарламада.

Үкіметтің дәйектеуінше, «Ақтау — Сумгайыт» бағыты бойынша өтетін жаңа маршрут Қазақстан мен Әзербайжанның цифрлық инфрақұрылымын біріктіріп, Азия мен Еуропа арасындағы деректерді жоғары жылдамдықпен тікелей жеткізетін дәлізге айналмақ. Жобаның халықаралық байланыстың сенімділігін арттырып, екі елдің транзиттік әлеуетін күшейтетіні алға тартылды. ЖИ министрлігі жобаны жүзе-ге асыру үшін қажетті нормативтік, ұйымдастырушылық және кедендік рәсімдердің орындалуын қамтамасыз етті.

Ведомствоның дерегінше, жоба жұмыстары нақты түрде тек 2025 жылы бастау алған. Суасты кабелін төсеу жұмыс-тары 2026 жылдың шілде айында баста-лыпты. Құрылыс тәулік бойы, мамандан-дырылған кеме-нің көмегімен жүргізілді. Жобаға 70 маман тартылды.

ЕУАЗИЯЛЫҚ ЦИФРЛЫҚ ХАБ КЕЛЕСЕГІ

Енді кабельді жағалаудағы инфрақұры-лымға қосу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Күзде жерүсті инфрақұрылымының құрылысын аяқтап, іске қосу-баптау жұ-мысын және жүйені кешенді тестілеуді аяқтау жоспарланған.

«Бұл жоба кез келген деңгейдегі күрделі инфрақұрылымдық міндеттерді рекордтық мерзімде жүзеге асыра алатынымызды дәлелдейді. Деректерді беретін сигналдың кідірісі барынша аз болатын жоғары жылдамдықты цифрлық магистраль қалыптастырып жатырмыз. Ол халық-аралық трафик сенімділігінің жаңа стан-дарттарын белгілейді», — дейді «Қазактеле-ком» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусин. Оның пайымдауынша, бұл — Қазақстан тарихындағы тұңғыш халықаралық желінің стратегиялық жұмысының тұрақтылығына салынған инвестиция. Сондай-ақ казак-стандық бизнеске әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымға қол жеткізіп, жаһандық нарыққа шығу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Магистралды салу және оны кейіннен пайдалану жұмыстарына «Қазактелеком» АҚ мен AzerTelecom International компа-нияларының бірлескен кәсіпорны — CaspiLink B.V. жауапты болмақ. Жобаның бюджетке қол жаймай, операторлардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылып жатқаны да жақсы жаңалық.

Бұдан бұрын өңірлік цифрлық хаб құру және жалпы Азия — Еуропа трафиінің жергілікті өңделетін транзиттік деректерінің үлесін арттыру бағытындағы мемлекеттік міндеттерді іске асыру-ға жәрдемдесу мақсатында Жасанды интеллект министрлігі мен жеке ком-паниялар арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын. Бүгінде мемлекет пен жекеменшік сектордың әріптестігі аясында ауқымды жұмыс жүргізіліпті. Жобаларды іске асыруға Freedom Cloud Holding және «Астел» АҚ жауап бер-мек.

«Батыс — Шығыс» гипермагистралі негізінен халықаралық деректер транзитін күшейтіп, Қазақстанды Еуропа, Орталық Азия және Қытай арасындағы негізгі бағыттармен байланыстыруды көздейді. Транскаспий магистралі тек Каспий түбімен шектелмейді: ЖИ министрлігінің түсіндіруінше, жалпы ұзындығы шамамен 4,5 мың шақырымды құрайтын, Ақтаудан Қорғас шекара өткеліне дейінгі магис-тралды талшықты-оптикалық байланыс желісі (ТОБЖ) тартылады.

Бүгінде 4 511 шақырымдық жалпы кабельдің 2,2 мыннан астамы төселді. Негізгі бағыт Қазақстанның 7 облысы арқылы өтеді. Демек, осы өңірлердің шалғай ауылдарына жоғары жылдамдықты,

MADE IN KZ: САУДА СӨРЕСІНЕ АПАРАР ЖОЛ

Қазақстанда отандық өнім өндіру көлемі өсіп келеді. Бірақ өнімді шығару – мәселенің бір бөлігі ғана. Кәсіпорын үшін ең маңызды-сы – тауарын дүкен сөресіне жеткізіп, тұтынушыға ұсына алу. Осы тұста казакстандық өндірушілер ірі сауда желілеріне кіру, қолайлы орын алу, маркетплейстерде көріну және импорттық өнімдермен тең жағдайда бәсекелесу мәселесіне тап болады.



А Кәмила ДҮЙСЕН

Енді Үкімет бұл кедергілерді заңнамалық талаптар, сауда желілерімен жасалған меморандумдар және цифрлық құралдар арқылы азайтуды көздеп отыр. Жаңа тәсіл бойынша отандық тауарларға бөлінетін орын жалпы көрсеткіш ретінде ғана есеп-телмей, әрбір санат пен кіші санат бойынша жеке қарастырылмақ. Бұл талаптың қағаз жүзінде орындалуына жол бермеуге тиіс.

Мұндай өзгерістер ішкі сауда көлемі айтарлықтай өсіп отырған кезеңде қолға алынып отыр. Сауда және интеграция ми-нистрлігінің мәліметінше, 2026 жылдың алғашқы жартысында Қазақстанның ішкі тауар айналымы 15,3%-ға ұлғайып, 36,2 трлн теңгеге жеткен. Оның ішінде азық-түлік сауд-асы 27,8%-ға өсіп, 8,7 трлн теңгені құрады. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың сатылымы 11,7%-ға артып, 27,3 трлн теңгеге жетті.

Нарық көлемінің ұлғаюы отандық кәсіп-орындар үшін жаңа мүмкіндік болғанымен, саудадағы өсім автоматты түрде жергілікті өндірушілердің үлесін арттырмақ емес. Егер дүкен сөрелерінде импорттық тауарлар басым тұрса немесе казакстандық өнім тұ-тынушыға көрінбейтін жерде орналастырылса, өндіріс көлемінің артуы кәсіпорындардың нақты табысына толық әсер етпеуі мүмкін.

ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ ОРЫН БӨЛУ — ОҢ ШЕШІМ

Сондықтан қолданыстағы талап бойынша азық-түлік тауарларына арналған сөрелердің кемінде 50%-ы, азық-түлікке жатпайтын тауарлар сөресінің кемінде 30%-ы отандық өнімге берілуіге тиіс. Мемлекеттік қолдау алған сауда нысандарында бұл норматив тағы 20%-ға жоғарылайды. Бұған қоса, ка-закстандық өнімдер қолжетімді әрі көзге бірден түсетін орындарға қойылып, «Қаз-ақстанда жасалған» белгісімен танбалануы керек.

Бұл талаптар енді дәстүрлі дүкендермен шектелмейді. Қазақстандық тауарларды Kaspi, Halyk Market, Clever, TEEZ секілді маркетплейстерде де арнайы белгілеу қарас-тырылған. Өйткені тұтыну нарығының бір бөлігі интернетке ауысқан жағдайда, тек дүкен сөресінен орын бөлу жеткіліксіз. Отандық өнім цифрлық сауда алаңдарында да іздеу нәтижелерінен, санаттардан және ұсыныстар тізімінен көрінуі қажет.

Ranking.kz сарапшыларының түсіндіруін-ше, жаңа талап сауда желілерінің отандық өнімге орын бөлуді тек есеп үшін орындауына жол бермеуі керек.

«Егер белгіленген үлес әрбір тауар санаты бойынша жеке есептелсе, дүкендер талапты бірнеше өнім түрімен ғана орындап қоя алмайды. Қазақстандық тауарлар сауда орнының әр бөлімінде нақты ұсынылуға тиіс», — деп түсіндіреді сарапшылар.

Экономист Эльдар Шамсутдиновтің сөзінше, отандық өндірісті қолдаудың ең қарапайым әрі тиімді жолы — жергілікті тауарды сатып алу.

«Әрине патриотизм сапаның орынн баса алмайды. Отандық өндірішүі баға, сапа және қызмет көрсету жағынан бәсекеге қабілетті болуы керек. Бірақ көрші елдер экспортты белсенді субсидиялап, өз нарығын қорғап отырған кезде дамушы экономикада бәсекеге қабілетті өндіріс бірден қалыптаспайды. Сондықтан бағасы мен сапасы көңілге қонымды отандық тауарды сатып алу — экономикалық таңдау ғана емес, азаматтық жауапкершілік», — дейді экономист.

Қазір отандық өнімнің саудаға шығуын жеңілдету үшін жаңа өндірушілерге арнайы стартап сөрелері мен «жасыл» сауда орындарын ашу жоспарланған. Сауда желілеріне жет-кізушілердің тауарын қабылдаудан негізсіз бас тартуға тыйым салынады. Сонымен қатар сауда орынн жалдау ақысын жылына бір реттен жиі қайта қарауға болмайды. Осы талаптарды іске асыру үшін Magnum, Small, «Дина» және басқа да ірі сауда желілерімен, сондай-ақ «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен меморандумдар жасалған.

ӨЗ ӨНІМІНДЕ ПАЙДА БАР

Алайда отандық өнімді қолдау дүкен сөресінен орын берумен немесе тұтынушыны жергілікті тауар сатып алуға шақырумен шектелмейді. Бұл саясаттың екінші маңызды бөлігі — мемлекет тарапынан тұрақты тапсы-рыс қалыптастыру. Ұлттық аналитикалық

орталықтың аға зерттеушісі Расул Қоспа-новтың пікірінше, осы бағыт елдің кәзіргі экономикалық саясатында айқын көріне бастаған.

2025 жылы отандық тауар өндірушілермен жасалған ұзақмерзімді шарттар мен офтейк-келісімшарттардың көлемі 2,3 трлн теңгеден асты. Ал мемлекеттік сатып алу, «Самұрық-Қазына» қоры мен жер қойнауын пайдалану-шылар жасасқан келісімшарттардың жиынтық көлемі 596 млрд теңгеге жетті.

Осындай кепілді тапсырыстардың арқасында бұрын арзан импортпен бәсекелесе алмай, ірі компаниялардан тапсырыссыз қалған кәсіпорындар өндірісін қайта жандандыра бастады. Мысалы, Қарағандыдағы Kaz-metiz зауыты ұзақмерзімді келісім-шарттарға қол жеткізгеннен кейін болат сым мен болат арқан өндірісін 7,3 мың тоннадан астам көлемге ұлғайтты.

Расул Қоспановтың айтуынша, офтейк-келісімшарттар, мемлекеттік сатып алуда отандық компанияларға басымдық беру, өндірісті жергіліктендіру және отандық тауар өндірушілердің ресестрін құру бұрын жекелеген қолдау шаралары ретінде қабыл-данатын. Қазір бұл тетіктер біртұтас өнеркә-сіптік саясатқа біріге бастады. Оның негізгі қағида-сы — мемлекет нарықты сырттай бақылаушы ғана емес, отандық өнеркәсіптің алғашқы ірі тапсырыс берушісі болуы керек.

Сарапшы мұндай тәсілдің әлемдік тә-жірибеде бұрыннан қолданылғанын атап өтті. Соғыстан кейінгі Францияда Шарль де Голль үкіметі стратегиялық салаларды қолдап, ірі инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландырды және ұлттық технология-ларды дамытуға жағдай жасады. Соның нәтижесінде Renault, Total және EDF секілді ірі ұлттық компаниялардың күшеюіне жол ашылды. Франция өнеркәсіптік саясатты шетел капиталы мен аса маңызды импортқа тәуелділікті азайтатын ұлттық егемендіктің бір бөлігі ретінде қарастырды.

Осыған ұқсас саясатты 2011-2018 жылдары Малайзия да жүргізді. Ел билігі транслұттық корпорацияларға жергілікті жеткізушілермен көбірек жұмыс істеу талабын қойып, өндірісті жергіліктендіруді кеңейтті. Ал Қазақстандағы кәзіргі бағытты Расул Қоспанов «ақылды протекционизм» деп бағалайды. Бұл — нарық-ты импорттан толық жабу емес, мемлекеттік тапсырыс пен нақты талаптар арқылы отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

ИМПОРТТАН АСУ «ӘСТЕ-ӘСТЕ»

Импортқа тәуелділіктің біртіндеп төмен-деуі де осы үрдісті растайды. 2026 жылдың алғашқы жартысында критикалық азық-түлік импорттының үлесі 15,3%-дан 14,7%-ға азайған. Бірақ бұл көрсеткішті тек шектеу шаралары арқылы одан әрі төмендету мүмкін емес. Импортты алмастыру үшін отандық кәсіпорын ішкі нарыққа сапалы, қолжетімді және тұрақты көлемдегі өнім ұсынуға тиіс.

Осы мақсатта тауар сапасына бақылау күшейтілуде. Қазір 11 тауар тобы сауда сөрелерінде және шекарада тексеріледі. Елде 20 техникалық регламент пен 9 756 ұлттық стандарт қолданылады. Бұл талаптар ішкі нарықты сапасыз тауардан және жосық-сыз импорттаушылардан қорғаумен бірге, казакстандық өнімнің сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыра алады.

Мәселен, 29 «Халап» стандартының енгізілуі нәтижесінде екі жылда ел экспорты 50%-ға өскен. Демек стандарттау кәсіпкерлер үшін қосымша кедергі ғана емес, жаңа нарыққа шығуға мүмкіндік беретін құралға айналуы мүмкін.

Сауда жүйесін цифрландыру да отандық өнімді өткізуге ықпал етпек. Ұлттық тауарлар каталогында 85 мың тауар мен қызмет түрі жіктеліп, 30 млн тауар цифрландырылған. Жүйеде 67,7 мың пайдаланушы тіркелген. Осы каталог негізінде жасанды интеллект көмегімен нарықты талдайтын «Сауданың цифрлық айнасы» әзірленіп жатыр.

Қазақстан ұн мен зығыр экспорты бо-йынша әлемде екінші, жасымықтан төртінші, күнбағыс майынан алтыншы, бидайдан жетінші, арпадан сегізінші орында. Бұл деректер елдің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіріп қана қоймай, сыртқы нарыққа ірі көлемде жеткізе алатынын көрсетеді.

Бұл саясаттың түпкі мақсаты импортты толық ығыстыру емес. Негізгі міндет — ка-закстандық кәсіпорындар өділ бәсекелесу мүмкіндігін беру, ішкі нарықтағы орынн күшейту және сапалы өніммен сыртқы нарыққа шығуына жағдай жасау.

АЙМАҚ

18 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

ҚЫЗЫЛОРДА
ТРАНЗИТТІК ТОРАПҚА
АЙНАЛАДЫ

Сыр бойында құрылысы басталған «Бейнеу – Сексеуіл», «Қызылорда – Сексеуіл» және «Сексеуіл – Ұлғайсын» автомобиль жолдары өңірдің транзиттік әлеуетін арттырып, Батыс пен Шығысты жалғайтын маңызды көлік жүйесін қалыптастырмақ. Ауқымды жобалар толық аяқталғанда, аталмыш бағыттар бойынша жол қатынасы жеңілдеп қана қоймай, жүк тасымалы, туризм мен жол бойындағы кәсіпкерлікке жаңа мүмкіндік ашылады деген жоспар бар.



А **Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**
Қызылорда облысы

Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасына сәйкес, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Үкіметтің қолдауымен жобаларды қаржыландыру мәселесін шешіп, қажетті дайындық жұмыстарын толық аяқтағанын мәлімдеді. Ендігі кезеңде жол құрылысы мен жаңғырту жұмыстары қолға алынып, нысандарды 2029 жылы толық пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Жалпы, жоспар бойынша келесі кезеңде Қорғас пен Ташкент бағытынан шыққан жүк ағыны Шымкент пен Қызылорда арқылы Сексеуілге түйісіп, одан әрі Ақтау порты арқылы Бакуге бағыт алатын болады. Бұл маршрут Қытайдан Еуропаға жүк жеткізу жолын шамамен 1000 шақырымға қысқартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жол жүру уақыты 3 сағаттан астам қысқарып, жүк ағыны 2,5 есеге дейін артады деп күтілуде. Демек, бұл жол салу жобасын Қазақстанның халықаралық көлік-логистика жүйесіндегі орнын нығайтуға бағытталған ірі инфрақұрылымдық бастама ретінде қарауға болады.

Аталған жобалардың мән-маңызына қатысты «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қызылорда филиалының пікірін де білдік. Филиал өкілдерінің айтуынша, өңірдегі негізгі бағыттарды өзара байланыстыратын бұл күре жолдардың құрылысы көлік қатынасын жақсартып қана қоймай, транзиттік әлеуетті арттыру тұрғысынан да айрықша маңызға ие.

«Бұл жобалардың Қызылорда облысы үшін стратегиялық маңызы зор. «Бейнеу – Сексеуіл», «Қызылорда – Сексеуіл» және «Сексеуіл – Ұлғайсын» бағыттарының іске асуы өңірдің көлік-логистикалық әлеуетін жана деңгейге көтереді. Әсіресе жолдардың өткізу қабілетінің артуы жүк және жолаушылар тасымалының жылдамдығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жана жолдар халықаралық және республикалық бағыттағы жүк ағынын ұлғайтып,

“ **«Бұл жобалардың Қызылорда облысы үшін стратегиялық маңызы зор. «Бейнеу – Сексеуіл», «Қызылорда – Сексеуіл» және «Сексеуіл – Ұлғайсын» бағыттарының іске асуы өңірдің көлік-логистикалық әлеуетін жаңа деңгейге көтереді.**

Сыр өңірінің транзиттік мүмкіндігін кеңейтеді. Сонымен бірге жол бойындағы сервистік нысандардың дамуына, шағын және орта кәсіпкерліктің өркендеуіне, жана жұмыс орындарының ашылуына серпін береді. Бұл жобалар Қызылорда облысының аудандары арасындағы көлік байланысын жақсартып қана қоймай, өңір экономикасының

дамуына да елеулі үлес қосады», – дейді «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қызылорда филиалы директорының орынбасары Әли Есентай.

Осы орайда үш жобаның Қызылорда облысы үшін маңызына тоқталсақ, бірінші кезекте жана және жаңғыртылатын жолдар өңірдің бірнеше ауданын қамтып, облыстың көлік байланысын жана деңгейге көтереді деп топшыланып отыр.

Соның алғашқысы – «Бейнеу – Сексеуіл» автомобиль жолының ауқымы кең. Жалпы ұзындығы 800 шақырым болатын күрежолдың Қызылорда облысының аумағындағы бөлігінің құрылысы қызу қарқын алды. Екі жолақты, II техникалық санаттағы автомобиль жолының құны 195 млрд теңгені құрайды. Жоба аясында облыс аумағында 32 қиылыс, 17 кірме жол, 5 демалыс алаңы, 14 аялдама және 30 су өткізу құбырын салу жоспарланған.

Сонымен қатар «Қызылорда – Ақтөбе» бағытына бастайтын «Қызылорда – Сексеуіл» автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары да қолға алынды. Құны 832,8 млрд теңге болатын негізгі жолдың ұзындығы 462 шақырымды құрайды. Жол төрт жолақты, I-б техникалық санатқа сәйкестендірілген.

Жоспарға сәйкес, бұл жоба облысқа қарасты Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы және Арал аудандарының аумағын қамтиды. Соның аясында облыс аумағында 9 жол айырығы мен 14 көпір салу, сондай-ақ жол бойында сервистік аймақтар орналастыру қарастырылған.

Сол сияқты «Сексеуіл – Ұлғайсын» автомобиль жолы құрылысының да өзіндік мәні зор. Оның жалпы ұзындығы 312 шақырымды құрайды. Мұнда да төрт жолақты I-б техникалық санаттағы автомобиль жолы салынады деп жоспарланған.

Осы үш бағыттың өзара байланысуы Сырөңірінің республикалық және халықаралық көлік жүйесіндегі маңызын арттырады деп күтілуде.

Негізінен, «Бейнеу – Сексеуіл», «Қызылорда – Сексеуіл» және «Сексеуіл – Ұлғайсын» жобаларының жүзеге асуы Қазақ-

КӨККЕ КӨЗ ТІККЕН КҮН

Алматы облысының Іле ауданына қарасты Байсерке ауылында «Байсерке аспаны – 2026» авиациялық мерекесі басталды. Ашық аспан астындағы шара авиация әуесқойларын, сала мамандарын, өңір тұрғындары мен қонақтарын бір алаңға жинады.



А **Мадияр ТӨЛЕУ**

Авиациялық мереке аясында өткен баспасөз мәжілісінде Қазақстандағы шағын авиацияны дамыту, жастарды техникалық мамандықтарға тарту, авиациялық мәдениетті қалыптастыру және Алматы облысының туристік әлеуетін арттыру мәселелері талқыланды.

Жиынға «СП «Бәйтерек» АҚ басқарма төрағасы, Қазақстанның Халық қаһарманы, ұшқыш-ғарышкер Айдын Айымбетов, «Отан» аэроклубы қоғамдық бірлестігінің басшысы Юрий Ельцов, «Тянь-Шань» авиациялық ұшу орталығының бас директоры Владимир Анцупов және Қазақстандық шағын авиация қауымдастығының президенті Өмірбек Кеңесбаев қатысты.

Баспасөз мәжілісінде мамандар авиацияны тек кәсіби саламен шектеп қарауға болмайтынын атап өтті. Олардың пікірінше, авиация – жастардың техника мен инженерияға қызығушылығын арттырып, болашақ мамандығын таңдауға ықпал ететін маңызды бағыттың бірі.

Осы орайда көпшілікке арналған авиациялық шаралардың рөліне ерекше назар аударылды. Мұндай алаңдар тұрғындарға авиацияның мүмкіндіктерін жақыннан танып қана қоймай, осы салада еңбек ететін мамандармен тікелей жүздесуге мүмкіндік береді.

Сала өкілдері әсіресе балалар мен жасөспірімдердің ұшқыш, инженер, техник секілді мамандықтарға қызығушылығын арттыру маңызды екенін айтты. Авиациялық техниканы өз көзімен көру, кәсіби мамандармен сөйлесу және әуе кемелерінің жұмысымен танысу жастардың болашақ кәсіби бағдарын айқындауына ықпал етуі мүмкін.

Сонымен қатар жиында шағын авиацияны дамыту мәселесі көтерілді. Мамандар бұл бағытты ілгерілету үшін инфрақұрылыммен қатар қоғамда авиациялық мәдениетті қалыптастыру, әуе кеңістігінің мүмкіндіктері туралы ақпаратты кеңінен тарату және бұқаралық іс-шараларды жүйелі өткізу маңызды екенін атап өтті.

Баспасөз мәжілісінен кейін «Байсерке аспаны – 2026» мерекесінің негізгі бағдарламасы басталды. Байсерке аспанында әуе кемелері қалықтап, алаңда авиациялық техника көпшілік назарына ұсынылды. Түрлі көрсетілімдер мен танымдық бағдарламалар мерекенің негізгі бөлігіне айналды.

Шараға келген қонақтар әуе техникасын жақыннан тамашалап, авиация саласының тыныс-тіршілігімен танысуға мүмкіндік алды. Мамандар



келушілерге әуе кемелерінің ерекшеліктері мен авиациялық мамандықтар туралы ақпарат берді. Мерекеге балалар мен жасөспірімдердің қызығушылығы да жоғары болды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, шараның негізгі міндетінің бірі – жас буынның аспан әлеміне деген қызығушылығын нақты білім мен кәсіби бағдарға ұлас-тыру.

«Байсерке аспаны – 2026» авиацияны насихаттаумен қатар, Алматы облысының туристік мүмкіндіктерін таныстыруды да көздейді. Ұйымдастырушылар авиация мен туризмді байланыстыру арқылы өңірге деген қызығушылықты арттыруға болатынын атап өтті.

Алматы облысының табиғи ерекшеліктері мен ашық кеңістігі авиациялық туризм бағыттарында дамытуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, Байсеркедегі мереке әуе техникасының көрсетілімі ғана емес, өңірдің туристік тартымдылығын жана қырынан танытатын алаң ретінде де қарастырылып отыр.

Шара барысында кәсіби мамандардың тәжірибесі, авиациялық техниканың көрсетілімі мен көпшілікке арналған бағдарламалар өзара үйлесім тапты. Келушілер үшін бұл авиация әлемін жақыннан танып, жана әсер алуға мүмкіндік берсе, жастар үшін болашақ мамандығы туралы ойлануға себеп болатын танымдық шараға айналды.

«Байсерке аспаны – 2026» мерекесінің басты идеясы да осы – авиацияны көпшілікке жақындатып, оның мүмкіндіктерін көрсету. Өйткені бүгін аспандағы ұшаққа қызыға қараған баланың ертен ұшқыш, авиация инженері немесе техник болуы әбден мүмкін.

Осылайша, Байсеркеде өтіп жатқан авиациялық мереке әуе кемелерінің әсерлі көрсетілімімен ғана шектелмей, шағын авиацияны дамыту, жастарды техникалық мамандықтарға бағыттау және Алматы облысының туристік әлеуетін танытуға арналған мазмұнды алаңға айналды.

ҮЛЕСКЕРЛЕРДІҢ
ТӨРТ ЖЫЛДЫҚ СЕРГЕЛДЕНІ

Көкшетауда баспана аламыз деп жинап-терген ақшасынан айырылған тұрғындардың қарасы көп. Алаяқ компаниялардың арбауына түскендер әлі баспанаға қол жеткізе алмай келеді. Ащы жанайқайын жергілікті биліктен бастап сотқа дейін жеткізген үлескерлердің үміті үзіле бастағандай. Мәселенің түйіні неге тарқамай тұрғанына көз жүгіртіп көрдік.

А **Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**
Ақмола облысы

Өкініштісі сол, елорда іргесіндегі шаһарда мұндай жағдайлар кейінгі уақытта тым жиілеп кетті. Үлескерлерден алған миллиардтарды қалтасына басқандар жазасыз қалып, баспананы аяқтауға асықпай жатқаны халықтың шымбайына әбден батқан. Солардың қатарында осыдан 4 жыл бұрын Сарыарқа шағынауданындағы 22Д мекенжайында салынуға тиіс тұрғын үйдегі пәтерлері үшін бар ақшасын салып жібергендер бар.

Құрылыс басталғанда бұл жерде иен дала болған. Ал қазір төбесі көк тіреген зәулім үйлер бой түзеген. Кейбірінде құрылыс жұмыстары әлі жүріп жатыр. Тек ортасында іргетасы басталғанымен аяқсыз қалған 12 қабатты нысан тұр. Баспана уәде етілгендей уақытында салынса, бұл жерде 226 отбасы қоныс тойын тойлауы керек еді. Оның ішінде 17 үлескер аттай 122 миллион теңге қаражатын салып жіберген.

Бүгінде зейнетке шыққан Жұматай Тәжібаев қазір ұлының құрқылтайдың ұясындай ғана кішкентай пәтерінде бірге сыйысып тұруға мәжбүр. Қария 2022 жылы жанадан салынатын үйден жана пәтер алмақ болған. Қолда бар нәпақасының бәрін ипотекалық несиеге салып жіберген ақсақалдың ойы орындалмай, ақшасы желге ұшқан.



— Пәтердің бар ақшасын түгелдей төледім. Ол кезде үйдің құны 12 миллион теңге болған. Жинағанымнан жетпегеніне несие алдым. Міне, қазір бес жылдан бері зейнеткермін. Соның төрт жылында осы несиемі төлеп келемін. Мына аядай ғана тар пәтерден кеңірек жайлы пәтер аламыз деп ойлаған едік. Ал қазір ақшамыз да, баспанамыз да жоқ, — дейді Жұматай Тәжібаев.

Ақсақалдың айтуынша, ол өзегін өртеген осы мәселемен екі мәрте қала әкімінің қабылдауында болған. Қала әкімінің еш нәтиже шықпаған соң облыс әкіміне кіріп, мәселені ашық айтуды жөн көреді. Алайда екі жылдан бері облыс әкімінің

қабылдауына мүлде кіре алмапты. Қария өзінің төлеген сомасына баспана берілуін талап етіп отыр. Өйткені дәл қазір сол сомаға тек жатақхана бөлмесін ғана ала алады.

Әбден сергелденге түскен тұрғындар мәселені шешу үшін тіпті өздері аяқтап беруге келіскен құрылыс компаниясын да тапқан. Бірақ ол да айтқан сөзінен танып тұрғын үйді салудан бас тартыпты. Өйткені бұрынғы құрылыс компаниясының бұл ғимаратқа қойған бағасы тым жоғары болған.

Серіз үлескердің мүддесін 2024 жылдан бері қорғап келе жатқан заңгер Илияс Байғожин істің іс жүзінде алаяқтық екеніне еш күман қалмағанын жеткізді.

— Біз өз тарапымыздан тексеріс жүргізіп, барлығы 17 үлескер бар екенін анықтадық. Ал бұрынғы құрылыс салушы компания тарапынан тұрғын үйдегі пәтерлер бойынша 37 үлескер және коммерциялық нысан бойынша бір үлескер бар деген ақпарат берілген. Алайда ресми түрде расталғаны — 17 адам. Оның тоғызы сотқа жүгінді. Қазірдің өзінде олардың пайдасына сот шешімдері шықты. Бірақ одан еш нәтиже болмай отыр. Сот орындаушылары да ештеңе істей алмайды, өйткені компанияның атына тіркелген мүлік те, қаражат та жоқ, — дейді Илияс Байғожин.

Заңгердің айтуынша, алдымен Ақмола облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына сауал жолданған. Сол арқылы үлескерлермен келісімшарт жасасқан компанияның бұл нысанның құрылыс салушысы да, мердігері де емес екені анықталған. Құзырлы мекеме өз жауабында тағы екі компанияның атауын көрсеткен.

Бастапқыда Көкшетау қаласының полициясы алаяқтық фактісі бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тартып, құрылыс компанияларының әрекетінен ешқандай «қылмыс белгілерін» таппаған. Алайда тұрғындар шағымдарын тоқтатпай, мәселені түрлі деңгейде көтере берген. Нәтижесінде, 2025 жылғы қаңтардың соңында өткен кеңестердің бірінде қылмыстық істі бөрібір қозғау туралы тапсырма берілген. Заңгердің айтуынша, іс 2025 жылдың соңына дейін тергелгенімен, кейін тағы да қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылған.

Тұрғын үй құрылысының тапсырыс берушісі саналатын M-Group Asia серіктестігі және үлескерлермен келісімшарт жасасу операторы болған Build Group Kokshe компаниясының заңгері Елдар Хисамутдиновтің айтуынша, жоба алғаш басталған 2021 жылы компания үлескерлердің қаражатын тартуға Қазақстандық тұрғын үй компаниясының кепілдігін алған.

— Сол кезде бізде «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкімен» осы жобаны жеңілдетілген ипотекалық несие бағдарламасы аясында ілгерілету жөнінде келісім болған. Біз үлескерлердің қаражатын тарта бастадық. 2021 жылы Көкшетауда үлескерлердің ақшасын тартуға құқығы мен рұқсаты бар жалғыз компания болдық. Кейін «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» жеңілдетілген несиелеудің барлық бағдарламасын тоқтатты. Ал 2022–2023 жылдары Көкшетаудағы жылжымайтын мүлік нарығында тоқырау болды. Барлық компанияда сатылым күрт төмендеді. Оның басты себебі — жеңілдетілген несие бағдарламаларының тоқталуы еді. Осыған байланысты біздің де қаражат тартуға берген рұқсатымыз кері қайтарылды. Сөйкесінше, құрылыс та тоқтап қалды, — дейді Елдар Хисамутдинов.

Оның айтуына қарағанда, бұдан кейін компания құрылысқа қаржы салатын жеке инвесторларды іздей бастаған. Бірқатар инвестор қызығушылық танытқанымен, нақты іске көшкендері болмаған.

— Былтыр қыркүйек айында Алматыдағы инвестициялық компаниялардың бірімен келісімге де келдік. Бірақ түсініксіз себептермен әлі күнге дейін ақша салынған жоқ. Алматыға үш рет ұшып барып, келіссөз жүргіздім. Алайда әзірге нәтиже жоқ. Инвестор нысанға кірген жоқ. Қазір Көкшетаудағы құрылыс компанияларының бірімен келіссөз жүргізіп жатырмыз. Бұл компания бізге қала әкімдігінің алаңында өткен кездесуде ұсынылды. Сол жерде да прокуратурасының өкілі де болды, — дейді компания заңгері.

Осылайша, төрт жылдан бері пәтерлерінің кілтін күткен 226 адамның тағдыры әзірге тағы да инвестордың келуіне байланып тұр. Үлескерлердің айтуынша, уақыт өткен сайын олардың бастапқы салған ақшасының құны да құнсызданып барады. Төрт жыл бұрын баспана алуға жеткен қаражат бүгінде сол көлемдегі пәтерді сатып алуға қауқарсыз. Ал олардың көпшілігі әлі күнге дейін несие төлеп келеді.

18 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Астананың оң жағалауында жер қойнауының бай тарихын бір залға жинаған ерекше орын бар. Ол – минералогиялық музей. Мұнда еліміздің өңірлерінен, тіпті әлемнің әр қиырынан әкелінген сан түрлі минерал тастар сақталған. Жақында осы музейге біз де барып, табиғаттың адам қолы араласпаған алуан түрлі пішінге ие тастарды көзбен көріп, қолмен ұстап қайттық. Бірі жер қойнауындағы құрделі геологиялық үдерістерден сыр шертсе, енді бірі Қазақстанның кен байлығы мен минералдық қорының ауқымын аңғартады.



болғанымен, мұндағы жәдігерлердің өзі келушіні ұзақ аялдататады. Солардың қатарында брахиопадтар, Alloscostia molluscas, белемниттер, Моңғолияның Гоби шөлін мекендеген динозаврдың жұмыртқасының пішіні де қойылған. Залдағы ең қызық экспонаттардың бірі – кірпінің тұлыбы. Оның музейдегі «тағдыры» да өзгеше. Алғашында қызметкерлер кірпіні көрнекі жерге орналастырыпты. Бірақ экскурсияға келген балаларға бұл көрініс ауыр тиіп, кішкентай жануарды аяғандары сонша, оны көзден таса жерге қоюға тура келген. Қазір кірпі қолтырауынның басымен қатар тұр.

Бұл залдарда музей қонақтарына минералдар мен табиғи үлгілерді өз бетінше танып-білуге мүмкіндік жасалған. Арнайы смарт тактада тастардың атауы әліпби ретімен берілген. Кәжетті минералды таңдап, оның суретін, сипаттамасын, ерекшеліктері мен қасиеттерін оқуға болады. Сондықтан музейді гилсіз аралаған адамның өзі әр экспонат жайында жеткілікті мәлімет ала алады.



Бесінші залда геологтың «серіктері» қойылған. Серігі деп отырғанымыз – әр кезеңде геологтар пайдаланған далалық құрал-саймандар мен арнайы аспаптар. Олардың әрқайсысы кезінде геологтардың даладағы негізгі жұмыс құралы болды. Осы аспаптар арқылы жер бедері өлшенді, кен қабаттары анықталды, жер қойнауы зерттелді. Олардың арасында 1989 жылғы сейсмостанса, 1990 жылы шығарылған жер қойнауын электрлік әдіспен барлауға арналған канадалық TDR-6 аспабы, 1986 жылғы АЭ-7 электрбарлау құрылғысы, теодолиттердің бірнеше түрі, нивелирлер мен поляризациялық микроскоп бар. Бұл жабдықтар өткен ғасыр геологтарының

МИНЕРАЛДАР саяхат



А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Елордадағы жалғыз минералогиялық музей 2010 жылдан бері жұмыс істейді. Минералдарының алуандығы жағынан Орталық Азиядағы үздік музейлердің бірі саналатын бұл орынның қорында бүгінде үш мыңнан астам жәдігер жинақталған. Олардың географиясы да кең: Қазақстан мен көршілес елдерден, Аустралиядан, Солтүстік және Оңтүстік Америкадан, Еуропа мен Африкадан жеткізілген табиғи үлгілер бар. Өткен ғасырдың 30-40-жылдарында игеріліп, кейін жабылған кен орындарынан алынған үлгілер де кездеседі. Өндіріс тоқтаған соң мұндай минералдардың бір бөлігі жер астында мәңгі қалуы мүмкін.

Музей бес залдан тұрады. Оның үш залы минералдар мен табиғи тастарға арналған. Төртінші залда геологиялық әдебиеттер қоры жинақталса, бесінші залда әр кезеңде геологтар пайдаланған көне далалық құрал-саймандар мен арнайы аспаптар қойылған. Әр залдың өз сипаты, өз айтары бар.

Алғашқы үш залда минералдардың табиғи элементтерден бастап нитраттар, бораттар мен органикалық тұздарға дейінгі сан алуан кластары қамтыл-

ған. Сөрелерде мыс, темір, амелист, зүбәржат, топаз, танзанит, нефелин және басқа да сирек кездесетін минералдар орналасқан. Кейбір экспонаттар 100 жылдан астам уақыт бұрын табылған. Соның бірі – Қазақстан аумағынан шамамен 120 жыл бұрын алынған пирит. Оның ерекшелігі – адам қолымен өңделмегенінде. Минерал табиғатта қандай пішінде пайда болса, музейге де сол калпында жеткен. Негізі, минерал жинау мәдениетінің де өзіндік тарихы бар. Патшалық Ресей заманында мұндай коллекция құрастыру аксүйектер арасында жоғары талғам мен мәдениеттің белгісі саналған. Бүгінде осы дәстүрдің танымдық мәнін балаларға ерте жастан сіңіру маңызды. Өйткені минералға қызығу тек әдемі тас жинаумен шектелмейді. Ол жердің қалыптасу тарихын тануға, табиғаттағы сан алуан үдерістерді түсінуге, геология мен минералогия секілді ғылым салаларына қызығушылықты арттыруға жол ашадy. Осындай музейлердегі әрбір жәдігер баланың таным көкжиегін кеңейтіп, табиғатқа зер сала қарауға, оның байлығын бағалай білуге үйретеді.

Қордағы тастар тек геолог мамандарға ғана қызық, соларға ғана түсінікті



деген ой қисынсыз. Өйткені минералдардың арасында күнделікті өмірде кенінен қолданылатындары да кездеседі. Мәселен, тальк жұмсақтығы мен ылғалға төзімділігі үшін балаларға арналған сеппе ұнтақтардың, түрлі косметикалық өнімнің құрамына кіреді. Опа мен кабак бояуларын өндіруде де осы минерал пайдаланылады. Тіпті тағам өнеркәсібінде шоколад өнімдерін өңдеу және кейбір көмпит түрлерінің қабықшасын жасау кезінде де қолданылады. Ал жадент испан тілінде «бүйір тасы» деген мағынаны білдіреді. Себебі Оңтүстік Америкада бұл тас бүйрек ауруларын емдеуге көмектеседі деген наным болған. Жадент адамзатқа өте ерте заманнан белгілі. Тас дәуірінің өзінде одан еңбек құралдары жасалған, кейінірек ғұрыптық және діни мақсаттағы бұйымдар әзірленген. Айта берсек, мұндай сипаттағы минералдар тастар саны өте көп.

Осы үш залдың бірінде минералдармен қатар палеонтологиялық жәдігерлер, тау жыныстары, асыл және жартылай асыл тастар, табиғи тастардан жасалған бұйымдар мен фауналық қалдықтар қойылған. Палеонтологиялық қор өзірге музейдің дамытуды қажет ететін бағыттарының бірі

Бұл залдарда музей қонақтарына минералдар мен табиғи үлгілерді өз бетінше танып-білуге мүмкіндік жасалған. Арнайы смарт тактада тастардың атауы әліпби ретімен берілген. Қажетті минералды таңдап, оның суретін, сипаттамасын, ерекшеліктері мен қасиеттерін оқуға болады. Сондықтан музейді гилсіз аралаған адамның өзі әр экспонат жайында жеткілікті мәлімет ала алады.



Төртінші зал геологиялық әдебиеттерге арналған. Мұнда XIX ғасырда және XX ғасырдың алғашқы жартысында жарық көрген сирек кітаптар мен салалық еңбектер сақталған. Музей жанынан геологиялық әдебиеттер кітапханасы да қалыптасқан. Осылайша, экспозиция табиғи жәдігерлермен шектелмей, қазақстандық геология

қандай жағдайда жұмыс істегенін көз алдына елестетеді. Қазіргі маман көптеген деректі компьютерден немесе спутниктік жүйеден алатын болса, бұрынғы зерттеушілер әр өлшемді далада колмен жүргізіп, құрделі аппараттарды өздерімен бірге алып жүрген. Осындай жөндеу беріп келе жатқан, кейбірі қазір жойылып та кеткен дүниелерді сақтап отырған музейдің қалыптасуына Қазақстанның еңбек сіңірген геологы Ұлжабай Исмаиловтың көп жылғы еңбегі негіз болған. Геология саласында жарты ғасырға жуық еңбек еткен маман жинаған коллекция елдің минералдық-шикізат байлығын ғана емес, Қазақстан жерінің геологиялық тарихын да танытады. Кейбір үлгілер бүгінде өндірісі тоқтаған кен орындарынан алынған. Мұндай минералдарды қайтадан дәл сол күйінде табу мүмкін емес. Сондықтан мұнда сақталған әрбір тас – белгілі бір кезеңнің қайталанбас куәгері. Айтпақшы, музейде кейбір минералдар сатылымға да қойылған. Келушілер ұнаған табиғи тасты таңдап, алып кете алады.

ТЕЛЕАУДИТОРИЯ ТАЛҒАМЫ ЖАҢАРДЫ

Кейінгі кезде отандық телекөрерменнің талғамы өзгеріп, сараптамалық әрі танымдық мазмұндағы бағдарламаларға деген қызығушылығы артқаны байқалады. Еліміздегі саяси және қоғамдық өзгерістер тұсында QAZAQSTAN ұлттық телеарнасының бірқатар бағдарламасы аудитория көрсеткіші бойынша біршама өсім көрсетті.

Атап айтқанда, көрермен тарапынан сұраныс артқан жобалардың бірі – «Әлем және біз» бағдарламасы. Сәуір айының ортасынан бері жобаның аудиториялық үлесі шамамен 1,5 есеге жуық өскен. Бұл көрсеткіш көрерменнің әлемде болып жатқан оқиғаларды жүйелі түрде түсінуге, олардың ел ішіндегі жағдайға әсерін саралауға

деген қызығушылығы артқанын аңғартады. Бағдарламада халықаралық саясаттағы өзекті мәселелер, әлемдік оқиғалардың Қазақстанға ықпалы, геосаяси жағдай, мұнай нарығы, дипломатиялық байланыстар секілді тақырыптар талданады. Тағы бір назар аудартқан жоба – «Ізгілік формуласы». Маусым айының соңынан бастап бағдарламаның аудиториясы екі еседен астам ұлғайған. Жоба қоғамдағы адамгершілік, азаматтық жауапкершілік, өзара көмек, қайырымдылық және игі істер тақырыптарын көтереді. Бұл бағдарлама дәл осы идеяны көрерменге жеткізе білді. Бағдарламада өз ортасында пайдалы іс атқарып, қоғамға үлес қосып жүрген қарапайым азаматтардың оқиғалары көрсетіледі. Бұл мазмұн көрерменге жақсылық жасаудың түрлі жолы бар екенін танытып, қоғамдық құндылықтарды насихаттауға

бағытталған. Президент ұсынған бұл жоба «Адал азамат» пен «Таза Қазақстан» қағидаттарымен де астасып жатыр. Көрсеткіші өскен жобалардың қатарында Qazaq creative бағдарламасы да бар. Креативті индустрияны дамытуға арналған бұл жоба эфирге мамыр айының соңында шығып, шілде айынан бастап аудиториялық көрсеткішін 2,5 еседен астам арттырған. Бағдарлама мәдени кәсіпкерлік, отандық өнер, шығармашылық индустрия және оның экономикалық әлеуеті туралы баяндайды. Әсіресе жастар мен шығармашылық орта өкілдері үшін мұндай тақырыптардың өзектілігі жоғары.

Түйіндей айтқанда, аталған жобалардың аудиториялық өсімі көрермен талғамында белгілі бір өзгеріс бар екенін көрсетеді. Бүгінде аудитория тек жедел жана-лықпен шектелмей, қоғамдық процестерді



түсіндіретін, әлеуметтік құндылықтарды қозғайтын және елдің даму бағыттарына қатысты мазмұнды бағдарламаларға да

назар аудара бастаған. Бұл телеарнадағы танымдық және сараптамалық жобалардың маңызын арттыра түседі.



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР: Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы Сағитхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы Ербәкіт ЖАЛҒАСБAY – Қызылорда облысы Банн ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы Эльмира ЖҰРСІНБЕКҚЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102 Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(771) 804-61-32 podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4777

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ Мұқанов көшесі, 223 Б Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,